

Халықаралық Сапаны
Бақылау, Аудит, Шолу,
Өзге де сенімділік орнату
және Ілеспе жүретін
қызметтер бойынша
нұсқаулық

2018 Шығарылым
III Бөлім

IAASB қызметтерін қолдайтын құрылымдар мен процесстер International Federation of Accountants® немесе IFAC® тарапынан қолдауға ие болады.

IAASB және IFAC аталған басылымдағы материалдар негізінде әрекет еткен немесе әрекет етуден бас тартқан кез келген тұлғаға келтірілген және абайсыздықтан немесе басқа да себептерден туындаған шығындар бойынша жауап бермейді.

International Standards on Auditing, International Standards on Assurance Engagements, International Standards on Review Engagements, International Standards on Related Services, International Standards on Quality Control, International Auditing Practice Notes, Exposure Drafts, Consultation Papers, және IAASB басқа да басылымдары IFAC немесе оның авторлық құқығымен жарияланады.

Авторлық құқық© 2018 жыл, Желтоқсан IFAC. Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымды жеке тұлға үшін және коммерциялық емес қолданыс үшін жүктеп алуға болады (кәсіби танысу немесе зерттеу мақсатында) немесе www.iaasb.org вебсайтынан сатып алуға болады. Бұл құжатты аудару, қайта басып шығару, сату немесе тарату және басқа да ұқсас қолданулар үшін жазбаша рұқсат талап етіледі.

The 'International Auditing and Assurance Standards Board', 'International Standards on Auditing', 'International Standards on Assurance Engagements', 'International Standards on Review Engagements', 'International Standards on Related Services', 'International Standards on Quality Control', 'International Auditing Practice Notes', 'IAASB', 'ISA', 'ISAE', 'ISRE', 'ISRS', 'ISQC', 'IAPN', және IAASB логотипі IFAC сауда белгісі болып табылады, немесе АҚШ-тағы және басқа елдердегі IFAC тіркелген сауда белгісі немесе қызмет көрсету белгілері болып табылады.

Авторлық құқық, сауда белгісі және рұқсат алу апараты бойынша [рұқсаттарға](http://www.iaasb.org) өтініз немесе permissions@ifac.org хабарласыңыз.



529 Бесінші Авеню, Нью-Йорк, NY 10017
T +1 (212) 286-9344 F +1 (212) 286-9570
www.iaasb.org

ISBN: 978-1-60815-389-3

**Сауда белгілері және Тіркелген Сауда
белгілері және Қызмет көрсету
белгілері**

International Auditing and Assurance Standards Board®

IAASB®



International Standards on Auditing®

International Standards on Assurance Engagements™

International Standards on Review Engagements™

International Standards on Related Services™

International Standards on Quality Control™

International Auditing Practice Notes™

ISA®

ISAE™

ISRE™

ISRS™

ISRS™

ISQN™

IAPN™

Бұл Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтер туралы мәлімдемелер анықтамалығы, Халықаралық аудит және растау стандарттары кеңесінің (IAASB) 2018 жылғы басылымы Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (IFAC) 2018 жылдың желтоқсан айында ағылшын тілінде басып шығарған. , 2021 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен қазақ тіліне аударылған және ХБФ рұқсатымен қайта шығарылған. 2018 жылғы Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтердің мәлімдемелері анықтамалығын аудару процесі IFAC-да қаралды және аударма «Саясат мәлімдемесі – Халықаралық федерацияның басылымдарды аудару саясатына» сәйкес жүргізілді. Бухгалтерлер». Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтер туралы анықтамалықтың бекітілген мәтіні, 2018 басылымы IFAC ағылшын тілінде басып шығарған мәтін болып табылады.

Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтердің мәлімдемелері анықтамалығының ағылшын тіліндегі мәтіні, 2018 жылғы басылым © 2018 Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (IFAC). Барлық құқықтар сақталған.

Халықаралық сапаны бақылау, аудит, шолу, басқа растау және байланысты қызметтердің мәлімдемелері анықтамалығының қазақ тіліндегі мәтіні, 2018 жылғы басылым © 2021 Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (IFAC). Барлық құқықтар сақталған.

Түпнұсқа атауы: Handbook of International Quality Control, Auditing, Review, Other Assurance, and Related Services Pronouncements, 2018 Edition ISBN: 978-1-60815-389-3

Осы құжатты көшіруге, сақтауға немесе жіберуге немесе басқа да осыған ұқсас пайдалануға рұқсат алу үшін Permissions@ifac.org мекенжайына хабарласыңыз.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САПАНЫ БАҚЫЛАУ, АУДИТ, ШОЛУ,
ӨЗГЕ ДЕ СЕНІМДІЛІК ОРНАТУ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ ЖҮРЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ**

ІІІ БӨЛІМ

МАЗМҰНЫ

Бет

АУДИТ САПАСЫ

Аудит Сапасы Жүйесі: Аудиттің Сапасын Қамтамасыз Ететін Органы
Қалыптастыратын Негізгі Элементтер..... 1–69

СЕНІМДІЛІК ОРНАТУ ЖҮЙЕСІ

Сенімділік Орнату Келісімдері Үшін Өзгертілген Халықаралық Жүйе. 70–104

АУДИТ САПАСЫ ЖҮЙЕСІ: АУДИТТІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕР

Аудит сапасының тұжырымдамасына қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін ХАКСБ

Аудит сапасының тұжырымдамасының мақсаты келесілерден тұрады:

- Аудит сапасының негізгі бөлімдері жөнінде біліктілікті көтеру.
- Аудит сапасын көтерудің тәсілдерін іздеуге негізгі қызығушы жақты ынталандыру.
- Осы сұрақ бойынша негізгі қызығушы жақтардың арасында диалогты жандандыру.

ХАКСБ Тұжырымдамасы тиісті талқылауға мүмкіндік туғызатынына және өзімен бірге аудит сапасының алдағы көтерілуіне бағытталған шаралардың қабылдануына алып келетініне үміттенеді.

Аудиторлар өздерінің мекемелерінде қабылданған, аудиттің барлық қолданылатын стандарттарын және сапа тексеруді, сонымен қатар, әдептік және басқа нормативті талаптарды сақтауға міндетті. Тұжырымдама осы стандарттарды ауыстыру үшін арналмаған, қосымша стандарттар немесе аудиторлық тапсырмаларды орындауға қатысты талаптары орнатуға да бағытталмаған.

АЛҒЫСӨЗ

Қаржылық ақпарат қолданушылардың қажеттігіне жауап беру үшін орынды, мерзімінде және сенімді болуы қажет. Ұлттық заңдар және нормативті актілер, сонымен қатар, мекемеге қатысы бар тұлғалар көбіне, мұндай ақпаратқа қолданушылар сенімді болуға көз жеткізуі үшін, мекеменің қаржылық ақпаратының бөлек элементтеріне сыртқы аудит жүргізуді талап етеді. Алайда, сыртқы аудит өзінің тапсырмасын орындай алуы үшін, қолданушыларға аудитор тиісті стандарттарды сақтай отырып, оған сапалы аудит өткізе алғандығы жөнінде, аудит жүргізілген қаржылық есептемені беру қажет.

“Аудит сапасы” термині қатысты жақтардың талқылауларында көп қолданылады, сонымен қатар, осы саладағы саясатты жасауда және зерттеулер жүргізуде, реттеуші ұйымдардың ақпараттық қарым қатынасында, стандартты орнататын ұйымдардың, аудиторлық және басқа мекемелерде көп қолданылады. Аудиттің сапасы бұл қиын түсінік, және Қосымша 1 көрсетілгендей, барлығына ортақ мойындалған, қазіргі кезде оның нақты анықтамасы жоқ.

Осы себеппен, сенімділікті қамтамасыз ететін, Халықаралық Аудит және Кепілдік Стандарттар Басқармасы (ХАКСБ) қаржылық есептеменің аудитінің сапасына бөлек аудиторлық тапсырма, аудиторлық мекеме және жалпы мемлекет деңгейінде әсер ететін, алғашқы параметрлерді, және де үрдіс параметрлері мен нәтижесін сипаттайтын, Аудит Сапасының Тұжырымдамасы (Тұжырымдама) жасап шығарды. Тұжырымдама сонымен қатар қатысты жақтардың арасындағы қарым қатынастың мәнділігін және сыртқы ортаның басқа факторларының маңыздылығын баса айтады.

ХАКСБ мұндай Тұжырымдама әлеуметтік қызығушылыққа қызмет ететініне сенімді, себебі ол келесіге бағытталған:

- Ұлттық аудиторлық мекемелерді, халықаралық аудиторлық мекемелер жүйесін және кәсіби бухгалтерлік мекемелерді аудит сапасын көтеру тәсілдерін іздестіруге және аудит сапасындағы сұрақтар бойынша ақпараттық қарым қатынасты жақсартуға ынталандыруға;
- Аудит сапасы бойынша маңызды элементтер жайлы таныстық деңгейін және осы элементтерді қатысы бар жақтардың арасында түсінушілін көтеруге;
- Аудит сапасын көтеру сұрағында бірнеше факторлар мағынасының басымдылығын қатысты жақтардың мойындауына көмектесуге. Мысалы, Тұжырымдама олардың осы үрдістегі өз рөлдері қандай екенін түсінуге ынталандыру үшін, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларды хабарландыру үшін қолданылуы мүмкін;
- Тиісті стандарттарды халықаралық та, ұлттық та деңгейде орнатуға ынталандыру. Мысалы, ХАКСБ Тұжырымдаманы Сапа Тексеру

бойынша Халықаралық Стандартты (СБХС) 1¹ және де Халықаралық Аудит Стандарттарын (ХАС) қайта қарастыруда қолдануды көздеп отыр. Сонымен қатар, Тұжырымдама олардың ресми құжаттарына жақсартулар енгізу жөнінде сұрақты қарастыруда, Бухгалтерлердің Халықаралық Әдеп Стандарттары бойынша Кеңес (БХӘСК) және Қаржылық есеп және есептілік саласындағы Халықаралық Білім Стандарттар Кеңесімен (ҚХБСК) қолданылуы мүмкін;

- Диалогтың дамуына және ХАКСБ және негізгі қатысты жақтардың, және де ең негізгі қатысты жақтардың арасындағы жұмыс бойынша тығыз қарым қатынасты орнатуды ынталандыру;
- Осы тақырып бойынша академиялық зерттеулер жүргізуді ынталандыру; және
- Аудит оқып жүрген студенттерге олардың алам деп ұмтылып жүрген мамандықтың негізін түсінуге көмектесу.

¹ Сапа Тексеру бойынша Халықаралық Стандарт 1, *Аудит жүргізетін және қаржылық есептемесіне шолу тексерістерін жүргізетін, сонымен қатар, сенімділік қамтамасыз ететін басқа да тапсырмалар және іліспе қызметтер жүргізу бойынша тапсырмалардың аудиторлық мекемелердегі сапа тексерісі*

МАЗМҰНЫ

	Бегі
Шолу	5
1 Бастапқы Факторлары	10
2 Үдеріс Факторлары.....	13
3 Нәтиже Факторлары	14
4 Қаржылық Есептілікті Қамтамасыз Ету Тізбегіндегі Негізгі Өзара Өрекеттесу	21
5 Контексттік Факторлар	28
Қосымша 1 Аудит Сапасын Анықтаудағы Қиындықтар	
Қосымша 2 Кіріс және технологиялық факторлардың сапа атрибуттары	

Шолу

1. **Аудит сапасы** термині тұрақты негізде сапалы аудит жүргізудегі максималды мүмкіншілікке қол жеткізуде талаптарды қамтамасыз ететін бір қатар негізгі элементтерден тұрады.
2. Қаржылық есептеме аудитінің мақсаты қаржылық есептемеде айтарлықтай бұрмалаулар бар жөнінде жеткілікті түрде аудиторлық дәлелдемелер алу негізінде, қаржылық есептеме жөнінде аудитормен пікір қалыптастыру және қорытындыны алынған нәтижелерге сәйкес ұсыну. Сонымен, **сапалы аудитті** көбіне аудиторлық топ қамтамасыз етеді, олар:
 - Тиісті құндылықтар, әдептілік нормаларын және тәсілдерін ұстану;
 - Жеткілікті біліктілігі бар тәжірибелі және аудиторлық жұмысты орындауда жеткілікті уақыт иеленеді;
 - Заңнамалардың, нормативті – құқықтық актілердің және қолданылатын стандарттардың талаптарына сәйкес келетін, қатал аудит процедураларын және сапа тексеруді қолданады;
 - Уақытылы және пайдалы есептерді ұсынады; және
 - Қатысты жақтармен тиісті түрде қарым қатынаста.
3. Қаржылық есептеменің аудитін сапалы жүргізу міндеті аудитордың мойнында. Алайда аудиттің сапасы әлбетте жоғары болады, егер аудиторға қолдау көрсетілетін болса және қаржылық есептемені дайындаудағы процесстің барлық қатысушыларымен лайықты түрде қарым қатынас болатын болса.
4. Тұжырымдама аудит сапасының негізгі элементтері жөнінде танымдылығын көтеруге бағытталған, онысымен ол олардың спецификалық орталарында аудит сапасын көтеру үшін қандай қосымша шараларды қолдануға болатынын анықтау үшін, аудиторларды, аудиторлық мекемелерді және басқа да қатысты жақтарды өздерінің қызметтерінің критикалық талдауына алып келеді.
5. Негіздеме барлық ұйымдардың аудитіне олардың көлеміне, сипатына және күрделілігіне қарамастан қолданылады. Ол сондай-ақ көлеміне қарамастан барлық аудиторлық фирмаларға, соның ішінде желінің немесе қауымдастықтың құрамына кіретін аудиторлық фирмаларға қолданылады. Алайда, осы негізде сипатталған аудиторлық сапаның атрибуттарының маңызы әр түрлі және аудиттің сапасына әр түрлі әсер етеді.
6. Аудиторлар аудиторлық мекемеге қатысты жасайтын аудиттің және сапа тексерудің барлық қолданылатын стандарттарын, және де

әдептілік және басқа да нормативті талаптарды сақтауы қажет. Соның ішінде, СБХС 1² сапа тексеру жүйесінің жүргізетін аудитқа қатысты мекеменің міндеттері сипатталады. Сонымен бірге, Тұжырымдама бұл стандарттарды ауыстырмайды, және де қосымша стандарттар немесе аудиторлық тапсырмаларды орындауда процедуралық талаптар орнатпайды.

7. Аудиторлық тапсырманың нақты сапасы бастапқы параметрлерге ықпал етуіне қарамастан, және де осы Тұжырымдамада сипатталған жүйе параметрлері, нәтижелер және қарым қатынастың әр түрлері, өз алдына аудит сапасының Тұжырымдамасы нақты тапсырма сапасын бағалауда мақсатына жеткіліксіз. Оның себебі мұндай секілді сұрақтарды бөлшектеп қарастырудың қажеттігі, мінездеме, уақыт, және де нақты мекемедегі айтарлықтай бұрмалау қауіптеріне жауап ретінде жиналған аудиторлық дәлелдеменің көлемі, қолданылатын аудиторлық пікірлердің мінездемесі және тиісті стандарттарды сақтау.
8. Тұжырымдамада келесідей элементтер ерекшеленеді:
 - a. Кірістер
 - b. Үдеріс
 - c. Шығыстар
 - d. Қаржылық Есептілікті Қамтамасыз Ету Тізбегіндегі Негізгі Өзара Өрекеттесу
 - e. Контексттік Факторлар

² СБХС 1 аудиторлық мекемелерден мекемелер де, оның қызметкерлері де кәсіби стандарттарды және қолданылатын қандарды және нормативті талаптарды ұстанатыны, және мекемемен немесе тапсырма жетекшісімен дайындалған қорытындыосы жағдайларда тиісті мінездеме ұстанатыны жөнінде, біркелкі сенімділік алу мақсатында сапа тексеру жүйесін құруды және қолдауды талап етеді.

Жүйені келесідей көрсетуге болады:



Кірістер

9. Бастапқы параметрлер келесідей топқа бөлінеді:
 - a. Аудиторлық мекемеде қабылданған, өз кезегінде корпоративті мәдениет ықпал ететін, құндылықтар, әдептік үлгілер және аудиторлардың тәсілі; және
 - b. Аудит жүргізуге бөлінген уақытты қоса аудитордың білімі, біліктілігі және тәжірибесі.
10. Осы бастапқы параметрлердің шегінде аудиттің сапа атрибуттары өз кезегінде қолданылатыны бойынша келесіге бөлінеді:
 - a. Аудиторлық тапсырма деңгейінде;
 - b. Аудиторлық мекеме деңгейінде, соның нәтижесінде, аудит жүргізудің барлық фактілеріне жанама; және

- с. Ұлттық деңгейде (немесе құзыреттік), соның нәтижесінде, осы елдің барлық мекемелеріне және олардың жүргізетін аудиттеріне жанама.
11. Қосымша 2-де тапсырма, мекеме және ұлттық деңгейде осы бастапқы параметрлерге қатысты сапа атрибуттары егжей-тегжейлі сипатталады.
12. Аудит сапасының бастапқы параметрлеріне маңызды қызығушы жақтармен және алынатын нәтижемен қарым қатынасы аудит жүргізілетін ережелер әсер етеді. Мысалы, заңдар және нормативті актілер (ережелер) тапсырмаға қажетті біліктілікті (бастапқы параметрлер) анықтайтын, нақты есептерді (нәтижелер) дайындауды талап ете алады.

Үдерістер

13. Аудит және сапа тексеру процедуралары қаншалықты қатаң ұстануы, аудит сапасына әсер ететін болады. Қосымша 2-де бөлек тапсырма, аудиторлық мекеме, және де ұлттық деңгейде осы параметрлерге қатысты, сапа атрибуттары егжей-тегжейлі сипатталған.

Шығыстар

14. Нәтижелер есептерден және бір жақпен басқа жаққа ұсынылатын және дайындалатын басқа ресми ақпараттан тұрады, сонымен қатар, аудит процесі кезінде туындайтын нәтижелер, әдетте аудит жүргізілетін жаққа қатысты сыртқа көрінбейді. Мысалы, тәжірибеде мекеменің қаржылық есептемесін дайындауда тәжірибеде жақсартулардан тұруы мүмкін немесе аудит нәтижесінде туындауы мүмкін қаржылық есептемені дайындаудағы ішкі тексеріс.
15. Аудит нәтижелерінің құрамы жиі сыртқы ережелермен анықталады, заңдық талаптарды қосқанда. Мұнымен қоса, кейбіреу қызығушы тұлғалар үлкен деңгейде нәтиже мінездемесіне әсер ете алады, ал кейбіреулер кішкентай деңгейде. Мұндай қызығушы тұлғаларға, қор биржасында тіркелген мекеменің инвесторлары секілді, ең маңызды нәтиже болып аудиторлық қорытынды болады.

Қаржылық Есептілікті Қамтамасыз Ету Тізбегіндегі Негізгі Өзара Әрекеттесу

16. Алайда әр бөлек қызығушы тұлға қаржылық есептеме жүйесінде есептеменің жоғарғы сапасын қамтамасыз етуде маңызды рөлді ойнайды, онда қандай түрде қызығушы тұлғалардың арасында қарым қатынас орнайды, сонымен қатар аудит сапасына белгілі бір әсер ете алады. Мұндай қарым қатынас ресми де және ресми емес те аудит жүргізілетін сыртқы шарттарға тәуелді, және бастапқы параметрлер

және нәтижелер арасындағы динамикалық қарым қатынасты анықтайды. Мысалы, аудитор мен құнды қағаздары ұйымдастырылған аудит мекемесі бойынша комитет арасындағы талқылаулар, жоспарлау кезінде қандай мамандандырылған біліктіліктер (бастапқы параметрлер) керек болатыны және Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар үшін аудиторлық қорытындының формасы мен мазмұны (нәтижесі) қандай болатынына әсер етуі мүмкін. Не болмаса, егер жеке мекеме жөнінде әңгіме болса, аудит барысында өте тығыз ынтымақтастық бизнес меншік иесімен орнатылуы мүмкін. Бұл әр жаққа ресми емес түрде жиі араласуға рұқсат береді, ол өз кезегінде өте сапалы аудитқа ықпал етеді.

Контекстік Факторлар

17. Заңдар және нормативті актілер және корпоративті басқару секілді бірнеше сыртқы орта факторлары бар, олар қаржылық есептемесінің мінезіне және сапасына әсер ете алады, ал ол дегеніміз, тікелей немесе жанама түрде аудит сапасына әсер етеді. Барлық қолданылатын жағдайларда аудитор қажетті жеткілікті аудиторлық дәлелдемелер алу үшін қандай тәсілдерді қолдану керек екенін анықтау кезінде, осы факторларды ескереді және тиісті шараларды қолданады.

Бастапқы Факторлер

1. Сапалы аудит аудиторларға келесілерді жобалайды:
 - Тиісті құндылықтар, әдептік қағидаларын және тәсілдерді ұстануын; және
 - Аудиторлық жұмысты орындау үшін жеткілікті біліммен, дағды және тәжірибемен және жеткілікті уақытпен ие болуын.
2. Аудит сапсына әсер ететін маңызды атрибуттар төменде көрсетілген. Олар аудиторлық тапсырма, аудиторлық мекеме, және де ұлттық (құзыреттік деңгейде)³ деңгейде қолданылады. Әрбір атрибут және деңгей олар қолданылатын, бөлек бөлімде сипатталған.

1.1 Құндылықтар, Әдептік Қағидалар Және Тәсілдер – Тапсырма Деңгейі (Сілт.: Тарм. 2-16 Қосымша 2)

3. Аудит жетекшісі⁴ аудиторлық тапсырмаға жауап береді, және тиісінше аудит сапсына тікелей жауапкершілігін көтереді. Бұрақ бұдан басқа, ол аудит жүргізуге жауап береді, аудит жетекшісі аудиторлық топ жұмыста сапалы аудит жүргізуге қажетті, құндылықтарды, әдептік қағидаларды және тәсілдерді көрсетуді қамтамасыз етуде маңызды рөлді атқарады.

Маңызды атрибуттар:

- Аудиторлық топ аудит кең әлеуметтік қызығушылық үшін орындалатынын мойындайды, және әдептік қағидаларды сақтау қандай маңызды екенін түсінеді.⁵
- Аудиторлық топ әділдік және шындық көрсетеді.

³ Құзыреттік мемлекеттен көп немесе аз болуы мүмкін. Әлемнің кейбір аймақтарында аудитті реттеудің жеке аспектілері бірнеше мемлекеттерді қозғайды. Басқаларда аудиттің жеке аспектілері өте майда бірліктер деңгейінде реттеледе, мысалға штаттар немесе шет аймақта.

⁴ Мемлекеттік сектордағы аудит контекстінде “тапсырыс беруші,” “аудиторлық тапсырма,” “аудит жетекшісі,” және “аудиторлық мекемелер” деген терминдер мемлекеттік аудит сектордың түсінігіне эквивалентті мағына ретінде түсінілуі қажет, оның мағыналары Қаржы Тексеретін Жоғарғы Халықаралық Органда (ҚТЖХО) 40, Қаржы тексеретін жоғарғы органдардың сапа тексеруі 7 тармақ берліген

⁵ Бухгалтерлерге Халықаралық Әдеп Стандарттары бойынша Кеңес (БХӘСК Кодексі) шығаратын, *Кәсіби Бухгалтерлердің Әдеп Кодексі* кәсіби бухгалтерлердің бес негізгі әдеп принциптерін белгілейді: шыншылдық; әділдік; кәсіби біліктілік және тиісті мұқият; құпиялық және кәсіби әрекет.

- Аудиторлық топ тәуелсіз.
- Аудиторлық топ кәсіби біліктілігін және тиісті мұқиятты көрсетеді.
- Аудиторлық топ кәсіби скептицизм сақтайды.

1.2 Құндылықтар, Әдептік Қағидалар Және Тәсілдер – Аудиторлық Мекеме Деңгейі (Сілт.: Тарм. 17-32 Қосымша 2)

4. Аудиторлық мекеме мәдениеті аудит бойынша әріптестердің және аудиторлық топтың басқа да мүшелердің құндылықтарына, әдептік қағидаларына және тәсілдеріне елеулі ықпал етеді, оның үстіне топ жұмыс жасайтын орта әріптестердің және қызметкерлердің ойлау қабілетіне елеулі ықпал етуі мүмкін, ал бұл дегеніміз олардың өздерінің міндеттерін қалай орындайтынына да ықпал етеді. Алайда, аудит қоғамдық қызығушылықты қорғау үшін бағытталған, аудиторлық мекеме көбіне коммерциялық құрамда болады. Кез келген мекеме мәдениеті оның әріптестері мен қызметкерлері қаншалықты қоғамдық қызығушылықты сақтайтынын анықтауда маңызды фактор болады, онымен бірге, мекеменің коммерциялық мақсатын іске асырады.
5. Аудит сапасы маңызды құндылық болатын мәдениетті құру үшін қажетті маңызды атрибуттар келесілер:
 - Басшылықтың тиісті “позиция” орнататын және тәуелсіз аудиторлық мекеме қорғанысына бағытталған корпоративті басқару жүйесінің бар болуы.
 - Аудит сапасына қамтамасыз етуге бағытталған, баға жүйесі және сыйақы арқылы белгілі тұлғалық мінездемені мадақтау.
 - Аудит сапасына теріс айтылуы мүмкін, шешім қабылдауда және әрекет жасауда қаржылық түсініктің әсерінің жоқтығы.
 - Аудиторлық мекемемен әріптестерге және қызметкерлерге үзіліссіз кәсіби даму мүмкіншілігі және аудиттің техникалық сұрақтары бойынша жоғарғы сапалы қолдауға мүмкіндік алуды құрудың маңыздылығын түсіну.
 - Аудиторлық мекемеде марапаттау қиын сұрақтар бойынша консультация.
 - Тиімді жүйе қабылдау және клиентпен қарым қатынасты жалғастырудың болуы.

1.3 Құндылықтар, Әдептік Қағидалар Және Тәсілдер – Мемлекет Деңгейі (Сілт.: Тарм. 33-40 Қосымша 2)

6. Аудит саласындағы ұлттық реттеу ұйымдарының қызметі мекеменің мәдениетіне, және осылай, аудит бойынша әріптестердің және аудиторлық топтың басқа да мүшелеріне құндылықтар, әдеп қағидалары және тәсілдері біршама әсер етеді. Сапаның маңызды атрибуттары келесілерді құрайды:
- Әдептік принциптерді анық сызып көрсететін, әдептік талаптарды орнату, және де осы немесе басқа жағдайларда қолданылатын нақты талаптар.
 - Әдептік принциптерді талдау және талаптарды алдағы уақытта қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған, реттеуші ұйымдардың, стандарттарды орнататын ұлттық ұйымдардың, және кәсіби бухгалтерлік мекемелердің белсенді қызметі.
 - Аудиторлық мекемелер арасында клиентпен қызмет жасауға қатысты шешім қабылдауда маңызды ақпарат алмасу.

1.4 Білім, Дағды, Тәжірибе Және Уақыт – Тапсырма Деңгейі (Сілт.: Тарм. 41-58 Қосымша 2)

7. Аудит жетекшісі аудиторлық топ аудиторлық пікір дайындағанша жеткілікті түрде қажетті аудиторлық дәлелдемелер алу үшін, барлық қажетті біліммен және жеткілікті уақытпен қамтамасыз болғандарына жауап береді.
8. Маңызды атрибуттар олар:
- Әріптесте және қызметкерлерде қажетті кәсіби жақтардың болуы.
 - Әріптестермен және қызметкерлермен клиенттің ұйымдастырушылық қызметін түсінуі.
 - Әріптестермен және қызметкерлермен негізделген кәсіби пікірлердің құрылуы.
 - Аудит жетекшісінің жұмыс орындау кезінде қауіп бағалауда, жобалауда, қадағалау және тексерісте белсенді қатысуы.
 - Орындарда егжей тегжейлі аудиторлық жұмысты орындайтын, қызметкерлерде жеткілікті тәжірибенің болуы, олардың жұмысымен тиісті басқару, оның нәтижелерін тексеру және бақылау, сонымен қатар, қызметкерлер арасында қажетті жалғастырушылық болуы.
 - Әріптестерде және қызметкерлерде тиімді аудит жүргізуге жеткілікті уақыттың болуы.

- Аудит жетекшісі арасында, сонымен қатар, басқа да тәжірибелі аудиторлық топтың мүшелерімен және жетекшімен, және де клиенттің мекемесінде Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасында қарым қатынастың болуы.

1.5 Білім, Дағды, Тәжірибе Және Уақыт – Аудиторлық Мекеме Деңгейі (Сілт.: Тарм. 59-70 Қосымша 2)

9. Аудиторлық мекеменің саясаты және процедуралары аудит жетекшісінен және аудиторлық топтың басқа мүшелерінен талап етілетін білім және тәжірибеге ықпал етеді, сонымен қатар, олардың қажетті аудиторлық жұмысты орындауға қажетті уақыты бар. Сапаның маңызды атрибуттары:
 - Әріптестерде және қызметкерлерде аудит барысында туындаған қиын сұрақтарды шешу үшін жеткілікті уақыттың болуы.
 - Аудиторлық топтың тиісті құрамы.
 - Аудиторлық топтың әріптестері және үлкен мүшелерімен тәжірибесі азырақ қызметкерлерге қатысты олардың жұмыстарының уақытылы бағасы, тәлімгерлік және жұмыс барысында “оқыту” жүргізіледі.
 - Аудит бойынша әріптестерді және аудит, бухгалтерлік есеп сұрақтары бойынша, ал егер мүмкін болса арнайы салааралық сұрақтармен қызметкерлерді оқытудың жеткілікті мүмкіншіліктің болуы.

1.6 Құндылықтар, Әдептік Қағидалар Және Тәсілдер – Ұлттық Деңгей (Сілт.: Тарм.71-80 Қосымша 2)

10. Ұлттық деңгейдегі қызмет сонымен қатар аудиторлардың қажетті біліктілігі әсер етуі мүмкін. Сапаның маңызды атрибуттары:
 - Аудиторлық мекемелер және жеке аудиторларды тиімді лицензиялау механизмінің болуы.
 - Тиімді оқуға қажетті ресурстар ұсыну және оқуға нақты талаптарды тұжырымдау.
 - Аудиторларды актуалды сұрақтар бойынша хабардар ету және оларға бухгалтерлік есеп, аудит саласында және басқа да жаңа нормативтік талаптар бойынша жаттығулар жүргізу мүмкіндігінің болуы.
 - Аудиторлық мамандықтың репутациясын керекті қасиеттерге ие қызметкерлерді шақыру және ұстау мақсатында жақсарту.

2. Үдеріс Факторлары

11. Сапалы аудит аудиторлармен заңдарға, нормативті актілерге және қолданылатын стандарттарға сәйкес аудиттің қатал процедураларын және сапа тексеруді қолдануды аңғартады.
- 2.1 **Аудит Процессі Және Сапа Тексеру – Тапсырма Денгейі** (Сілт.: Тарм.81-93 Қосымша 2)
12. Аудит стандарттарына сәйкес аудит аудиторлық мекеменің СБХС 1 сәйкес сапа тексеру процедураларын қолдану арқылы өткізілуі керек. Олар реттелген тәсілге қауіп басқаруға, жоспарлауға, аудиторлық процедураларды орындауға негіз қалайды, және соңында аудиторлық пікір айтуға. Кейбір жағдайларда аудиторлық мекемедегі методология және ішкі саясат және процедуралар нақты нұсқаулары бар, олар мына не басқа қызметтерді кім орындайтыны, аудиторлық мекеменің ішінде консультациялар қолданылатынына қандай талаптар және құжаттаманың қандай қалыптарын қолданылатыны жөнінде көрсетіледі.
13. Алайда аудит стандарттары және аудиторлық мекеменің методологиясы аудит процессінің қалыпын анықтайды, бұл процесс тәжірибеде қалай іске асатыны, нақты аудиторлық тапсырмаға байланысты. Сапаның маңызды атрибуттары келесілерді құрайды:
- Заңдар және нормативті актілерге сәйкес, аудиторлық топпен аудит стандарттарын, және де аудиторлық мекеменің сапа тексеру процедураларын сақтау.
 - Аудиторлық топпен тиісті түрде ақпараттық технологияны қолдану.
 - Аудитке қатысатын басқа да тұлғалармен тиімді араласу.
 - Тиімді және нәтижелі аудит жүргізуге ықпалын тигізетін, клиент мекемесінің басшысымен тиісті келісушіліктің болуы.
- 2.2 **Аудит Және Сапа Тексеру Процесі – Аудиторлық Мекеме Денгейі** (Сілт.: Тарм. 94-111 Қосымша 2)
14. Аудиторлық мекеменің саясаты және процедуралары аудит процесіне әсер етеді. Сапа тексеруге ықпал ететін маңызды атрибуттар:
- Сапа тексеру және сыртқы инспектирлеу шегінде кәсіби стандарттар және ішкі тексерістің шолу нәтижелеріне өзгерістеріне сәйкес методологияны бейімдеу.
 - Аудит методологиясына аудиторлық топтың кәсіби скептицизмді қолдану және тиісті кәсіби пікірлер айту туралы талаптарды енгізу.

- Методологияға аудиторлық жұмыс пен орындалатын тиімді қадағалау және тексеріс туралы талаптарды енгізу.
- Методологияға тиісті аудиторлық құжаттарды дайындау бойынша талаптарды енгізу.
- Қатал сапа тексеру, аудит сапасының мониторингін және тиісті шара қабылдауды енгізу.
- Қажет болған жағдайда тиімді тапсырма орындаудың сапа тексерістерін (ТСТБ) өткізу.

2.3 Аудит Және Сапа Тексеру Процесі – Ұлттық Деңгей (Сілт.: Тарм. 112-119 Қосымша 2)

15. Аудит реттеу саласындағы ұлттық органның қызметі аудит процессіне ықпал етеді.
16. ХАКСБ ХАС шығарады. Бухгалтерлер Арналған Халықаралық Әдеп Стандарттар Кеңесі (БХӘСК) өзінің мұқият өңделген және кәсіби бухгалтерлердің әдеп Кодексін халықаралық қолдануға арналған, кәсіби бухгалтерлер үшін жоғарғы сапалы әдеп стандарттарын орнатады. Қаржылық есеп және есептеме саласындағы халықаралық білім беру стандарттары бойынша Кеңес (ХББСК) кәсіби бухгалтерлер үшін Халықаралық білім беру стандарттарында (ХБС) бекітілетін, кәсіби бухгалтерлердің техникалық, және де кәсіби біліктілік, құндылықтарын, әдептік ережелерін және тәсілдерін қамтитын, кәсіби бухгалтерлердің оқу бағдарламаларын әзірлейді және жақсартады. Бұл стандарттар көптеген елдерде қолданылады. Сапаның маңызды атрибуттары келесілерді құрайды:
 - Анық мақсаттар мен нақты талаптарды көрсететін, аудит стандарттарын және басқа да стандарттарды енгізу, осы н өзге жағдайларда қолданбалы.
 - Аудит сапасының тиісті атрибуттарын аудиторлық мекемеде де, және сыртқы аудит инспектирлеуге жауап беретін орган жағынан, нақты аудиторлық тапсырма орындағанда да талдау.
 - Керек жағдайда дисциплиналық шараларды қабылдау және тиісті деңгейде аудиттің жүргізілеу жағдайларында тиімді тергеу жүйесінің болуы.

3. Нәтиже Факторлар

17. Әртүрлі қызығушы тұлғалар аудит қорытындысы бойынша әртүрлі нәтижелер алады. Нәтиже мәліметтері көбіне олардың тиімділік және уақытылы көз қарасымен бағаланады, және аудит сапасының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Олар сонымен қатар:

- Аудит сапасын аса терең талдауға көмектеседі. Мысалы, аудит саласындағы реттеуші органмен дайындалған есептер, тексеру нәтижесінде шыққан кемшіліктер жайлы ақпарат беруі мүмкін; және
- Тікелей аудит сапасына әсер етеді. Мысалы, орнатылған міндеттер бар кезінде, нақты сұрақ бойынша есептемелер дайындайды, мысалы, ішкі тексеріс жүйесінің тиімділігі, есеп мәліметтері осы саладағы аса тиімді жұмысқа ықпал етуі мүмкін.

18. Кейбір қызығушы тұлғалар, әсіресе басшылық, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар, және кейбір реттеуші органдар басқалардан көбірек аудит сапасының ақырғы параметрлерімен таныс, ал одан кейін басқалардан жақсырақ оны бағалай алады, ең болмаса белгілі бір деңгейге дейін. Осы қызығушы тұлғалармен дайындалған нәтижелер, мысалы, аудит комитетімен ұсынылған ақпарат, сыртқы қолданушыларға аудит сапасы жөнінде маңызды ақпарат беруі мүмкін.

19. Тиісті нәтижелер келесілерді қосуы мүмкін:

Деңгей	Нәтижелері
<p>3.1 Тапсырма деңгейі</p>	<p>Аудитор жағынан</p> <p>3.1.1 Аудит жүргізілген қаржылық есептемесінің қолданушылар үшін аудиторлық қорытындысы</p> <p>3.1.2 Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға аудиторлық қорытынды</p> <p>3.1.3 Басшылыққа аудиторлық қорытынды</p> <p>3.1.4 Қаржы және ықтиярсыз бақылау органдарына аудиторлық қорытынды</p> <p>Мекеме жағынан</p> <p>3.1.5 Аудит жүргізілген қаржылық есептеме</p> <p>3.1.6 Аудит комитетін қосқандағы, Басқару өкілеттілігіне ие</p>

	<p>тұлғалардың есептері</p> <p>Аудит саласындағы реттеуші органдар жағынан</p> <p>3.1.7 Жүргізілген аудиттің нақты фактілері бойынша реттеуші органдарға ақпараттарды ұсыну</p>
<p>3.2 Аудиторлық мекеме және ел деңгейінде</p>	<p>Аудиторлық мекеме жағынан</p> <p>3.2.1 Айқындылық қызметі жайында есептер</p> <p>3.2.2 Жылдық және басқа есептер</p> <p>Аудит саласындағы реттеуші орган жағынан</p> <p>3.2.3 Аудиторлық мекемені тексерудегі шолу нәтижелері</p>

3.1 Нәтижелелері – Тапсырма Деңгейі

3.1.1 *Аудит жүргізілген қаржылық есептеменің қолданушыларына аудиторлық қорытынды*

20. Аудиттің басты нәтижесі аудиторлық пікір болады, оның мақсаты қолданушыларға аудит жүргізілген қаржылық есептеме сенімді екеніне сенімділік беру. Көп қолданушыларға түрлендірілген аудиторлық пікірдің жоқ болуы, қаржылық ақпаратқа қатысты маңызды белгі болады. Бұл белгінің маңыздылығы бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін, соның ішінде, аудиторлық мекеменің⁶ абыройына байланысты болады.
21. Аудиторлық қорытынды аудиторға орындалған жұмыс және оның назарын аударған сұрақтар бойынша қосымша ақпаратты қолданушыларға ұсынуға мүмкіндік береді, ал бұл орындалған аудиттің сапасы жайлы да. Алайда, аудиторлар бұл мүмкіндікпен ылғи

⁶ Аудиторлық мекеменің атағы осы Тұжырымдаманың аясында әдейі қарастырылмайды, себебі аудит сапасының бөлшегі болып табылмайды, одан да аудитті жоғарғы деңгейде жиі өткізудің нәтижесін көрсетеді. Аудиторлық мекеменің атағына, оған соттық шешімдер немесе реттеуші органдардың әрекеті кері әсерін тигізуі мүмкін, оның көлемін, маркетингтік қызметін және деңгейін қоса алғанда, әсер ететін бірнеше факторлар бар.

қолдана бермейді, және бірнеше жылдар бойы қорытынды стандартизациясы жүріп жатыр. Жай жағдайда, егер тек аудитор түрлендірілген пікір айтпайтын болса, өткізілген жұмыс және алынған нәтижелер туралы ақпарат оған ұсынылмайды.

22. Аудиторлық қорытындыда қосымша ақпарат ұсынудан басқа, заңдар немесе нормативті актілерге сәйкес әртiрлi сұрақтар бойынша қосымша дәлелдемелер ұсынылу арқасында да қорытындының пайдалығы артуы мүмкін. Кейбір жағдайларда мұндай дәлелдемелер аудит көлемінің ұлғаюынсызда ұсынылуы мүмкін (мысалы, мекеме басшысы аудиторды барлық керекті ақпаратпен қамтамасыз етті және барлық қажетті түсіндірмелер ұсынғаны жөнінде дәлелдеме), ал басқаларға мүмкін жүргізілген аудиттің көлемінің ұлғаюы қажет болуы мүмкін (мысалы, егер қаржылық есептеме дайындауда ішкі тексеріс жүйесінің тиімділігінің бекітуі керек болса).
23. Аудит жайында көп ақпарат, әдетте мемлекеттік сектордағы мекеме аудиторлары не болмаса өздерінің басты қорытындыларында, не болмаса ортақ қол жетімдіге ашық қосымша есепте ұсынады. Бұдан басқа, мемлекеттік сектор мекемелерінің аудиторлары кейде өздерінің жұмыстарын тұрғындарда ресми құжаттарға мүмкіндік бар болған жағдайда орындайды. Мұндай ақпараттық бостандық аудитормен мемлекеттік сектордағы мекемемен жүргізілетін аудит туралы аса жете ақпараттарды ашуға алып келуі мүмкін, мысалы, бизнес қаупіне қатысты немесе ішкі тексеру жүйесіне қатысты ақпарат.

3.1.2 Басқару Өкілеттілігіне Ие Тұлғалар Үшін Аудиторлық Есеп

24. Аудит стандарттары әдетте аудитордан уақытылы Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, белгілі бір сұрақтар бойынша ақпараттарды жеткізуді талап етеді. Мысалы, ХАС⁷ келесілер жөнінде хабардар етуді талап етеді:
 - Аудитордың міндеттері.
 - Аудит жүргізудің жоспарлы көлемі мен уақыты.
 - Аудитор нақтылығындағы қауіптер және соның салдарынан қабалданған сақтау шаралары.
 - Аудит барысында табылған маңызды сұрақтар.
25. Мұндай сұрақтар көбіне Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға арналған жазбаша қорытындыларда көрсетіледі. Алайда, аудит стандарттарының талаптары, аудитор мен Басқару өкілеттілігіне ие

⁷ 260 ХАС, *Басқару Өкілеттілігіне ие Тұлғалармен Қарым-қатынас*

тұлғалар арасында кең түрде талқылауға салынуы қажет. Аудит сапасының сұрақтарын қарастыру кезінде Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар, жазбаша қорытындылардың да ресмилігі азырақ ақпараттық қарым қатынастың да маңыздылығын және уақытында болуын бағалайды.

26. Ақпараттық қарым қатынастың сапасы және пайдалығы, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға аса ерекше болады:
- Аудитормен қаржылық есептемені дайындауда мекеменің басшылығымен өзінің міндеттерін орындау жөнінде біржақты емес пікірді ұсыну;
 - Ішкі тексеріс жүйесін функционерлеуді қосқандағы, мекемеде қабылданған қаржылық есептемені дайындауда тәжірибесін талдау;
 - Мекеменің қаржылық есептемесін дайындау процесін жақсарту бойынша ұсыныстар ұсыну; және
 - Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен корпоративті басқару саласындағы міндеттерді тиімді орындауға ықпал ететін ақпаратты ұсыну.

3.1.3 Басшылыққа Аудиторлық Қорытынды

27. Аудитор аудит барысында көбіне басшылықпен байланыста болады. Мұндай ақпараттық қарым қатынастың көп бөлігі формалды емес түрде болады, алайда аудитордың қарауына немесе басшылықтың сұранысына байланысты аудитор өзінің байқауларын жазбаша қорытынды ретінде де рәсімдей алады. Бұл жағдайда басшылық әдетте, сапа сұрағын қарастыру кезінде онымен субъективті қабылданатын құндылықты және мұндай қорытындылардың уақытылы болуын ескеретін болады.
28. Қаржылық есептемемен қатысты сұрақтардан басқа, басшылық ерекше көңіл аударуы мүмкін келесілерге:
- Жеке қызмет салаларын және ұйымдастыру жүйелерін жақсарту бойынша талдау және ұсыныстар;
 - Реттеуге қатысты сұрақтарды бақылау; және
 - Маңызды салалық сұрақтар мен үрдістерге ғаламдық көз қарас.
29. Басшылыққа, әсіресе ресурстары шектеулі кіші мекемелерге, аудитордың бизнес бойынша ұсыныстары маңызды болуы мүмкін. Бұл жағдайда аудитор тәуелсіздік қаупі туындауы мүмкін туралы өзіне есеп беруі керек.

3.1.4 Қаржылық Және Ықтиярсыз Бақылау Органдарына Арналған Аудиторлық Қорытынды

30. Ұлттық заңдар немесе нормативті актілер аудитордан қаржы немесе ықтиярсыз бақылау органдарымен ақпараттық қатынасты талап етуі мүмкін, не болмаса үнемі негізде, не болмаса белгілі бір жағдайларда. Ұлттық талаптар құбылмалы, алайда, мысалы келесілерден тұруы мүмкін:

- Қаржылық есептемені дайындау процесінің белгілі бір жағдайларында дәлелдемелерді ұсыну, мысалы, ішкі тексеріс жүйесі кезінде.
- Реттеуші органдардың ойы бойынша оларға маңыздылық болып табылатын мәліметтер хабары.
- Қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаттарын ресмилендіруді қосқандағы, заңдық емес әрекеттер жайлы мәліметтер хабары.

31. Бұл жағдайда реттеуші органдар, жалпы аудит сапасының сұрағын қарастыруда өздерімен қабылданатын құндылықтарды және мұндай қорытындылардың уақытылы болуын субъективті ескеретін болады.

3.1.5 Аудит жүргізілген қаржылық есептеме

32. Деректердің шынайылығын тексеру сенімділігін арттырады процесінің қаржылық есептілікті дайындау мен, біріншіден, әкеледі оның сапасын жақсарту. Мысалы, аудит жүргізу нәтижесінде басшылық шешім қабылдауы мүмкін өзгерістер енгізілсін алдын ала нұсқасын қаржылық есептілік. Мұндай өзгерістер мүмкін киіп сандық немесе сапалық сипаты (мысалы, түсіндіру ашылатын ақпараттың ескертпелерде қаржылық есептілік). Дегенмен, мұндай өзгерістер пайдаланушылар үшін білінбейтін болуы мүмкін, олар, оның үстіне, сапалы аудит жүргізілді деп санауы мүмкін, егер олардың қолында, олардың пікірінше, жоғарғы сапалы қаржылық есептеме болса. Дұрыс және кері: кездескен қаржылық есептілік қамтитын арифметикалық қателер, сәйкессіздіктер және түсінуге қиын ақпаратты, олар болмаған аудиторлық қорытындыны ескертіліп, – деп санайтын аудит жүргізілмеген.

33. Мекеме кейбір құзыреттерде аудит жүргізілген қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізуге міндетті, егер оның елеулі бұрмалаулары табылған болса. Мұны жасаудың қажеттілігі осындай түзетілер жасаудың себебіне байланысты, және ол қолданушылар аудит тиісті деңгейде жүргізілмеді деп ойлауына алып келуі мүмкін.

3.1.6 Аудит бойынша Комитетті қосқанда, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың есебі

34. Бірқатар елдерде корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар, әсіресе бағалы қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілген мекеменің аудит жөніндегі комитеттері, аудитордың қызметін немесе аудит жүйесінің бөлімдерін бақылауға қатысты, белгілі бір міндеттері болады. Бірақ пайдаланушылар, біріншіден, тиімді жұмыс жасайтын аудит бойынша комитеттердің белсенді қатысуы аудит сапасына жақсы әсер етеді деп санайды, тәжірибеде аудит бойынша комитет пайдаланушыларға өздерінің міндеттері жайлы ақпаратты ашуы қандай көлемде болатыны жайлы әртүрлі қарама қайшылықтары бар.
35. Сапалы аудиттің санына да, пайдаланушылармен оны нақты қабылдауына да ықпал ететін, аудит бойынша комитеттің қызметі жайлы ақпарат толық болуы мүмкін еді. Кейбір елдерде қазіргі кезде сыртқы аудитке байланысты, жылдық есепке үлкен көлемде аудит бойынша комитеттің қызметі жайлы ақпаратты енгізу туралы сұрақ белсенді түрде қарастырылуда.

3.1.7 Ұсыну реттеуші органдармен ақпарат нақты фактілер бойынша аудит жүргізу

36. Кейбір елдерде аудит саласындағы реттеуші органдар жеке деректерді тексеру нәтижелеріне аудит бойынша комитетке рұқсат береді, алайда әдетте мұндай ақпарат жабық болып табылады.

3.2 Нәтижелер – Фирма және Ұлттық деңгейде

3.2.1 Қызметтің айқындылығы туралы есеп

37. Аудиторлық мекемелер аудит сапасы бойынша ортақ ақпаратты ұсына алады. Бір қатар елдерде аудиторлық мекемелермен қызметтің айқындылығы жайлы есеп ұсыну бойынша талаптар орнатылған, онда корпоративті басқару және мұндай мекемелердің сапа тексеру жүйесі бойынша ақпараттар бар.⁸ Көрсетілген ақпараттың жалпыға ортақ қолжетімділігін қамтамасыз ету, қолданушыларда тікелей аудит процессіне қатысы жоқ, жеке аудиторлық мекемелердің мінездемелері

⁸ Мысалы, Еуропалық Ұйым Мүшелерінің елдері үшін міндетті аудит бойынша Директивте, аудиторлық мекеменің заңдық құрылымы жөнінде жыл сайынғы белгілі бір ақпаратты ашу бойынша, әлеуметті маңызды мекемелерде, жүйеде аудит жүргізетін, мүшесі болып табылатын, корпоративті басқару және сапа тексеру жүйесі, қаржылық ақпарат, және де әріптестерді парапаттаудың есебінің тәртібі жөнінде ақпарат бойынша, мекемеге талаптар қарастырылған.

жайында және мұндай мекемелерде аудит сапасын анықтайтын деректер жайында ұсынатын, аудит жүргізілген қаржылық есептеменің құрылуына көмектеседі. Егер маңызды қызығушы жақтар тікелей аудиттің сапасын бағалауға мүмкіндіктері болмаса, бұл ақпарат мекемеге жаңа аудиторлық мекеме таңдауда көмектесуі мүмкін.

38. Қызметтің айқындылығы туралы есептер аудиторлық мекемелерге, өздерінің саясатының жеке аспектілерін және аудит жүргізудегі тәсілдерін көрсету арқылы өздерін бәсекелестер тізімінен ерекшеленуге мүмкіндік береді, сол арқылы аудит сапасының белгілері бойынша бәсекелеседі. Мысалы, аудиторлық мекемелердің әсіресе сапа тексеру бойынша жүйе және тәжірибе бойынша біркелкі ақпарат, тәуелсіздік принциптерін сақтауды қамтамасыз ету, сонымен қатар, корпоративті басқару жүйесі туралы ақпарат, мұның бәрі мұндай мекеменің барлық қызметкерлері мекемемен өзіне алған міндеттерді ұстануына жағдай жасайды.

3.2.2 Жылдық және Басқа Есептемелер

39. Кейбір аудиторлық мекемелер жылдық есептеме шығарады. Жылдық есептемелер мұндай аудиторларға сапа тексеру және олардың көтерілу бастамасына қатысты тиімділіктің маңызды көрсеткіштерін сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл секілді ақпарат оларға аудит сапасы бойынша өздерінің бәсекелестік артықшылықтарын анықтауда көмектесе алады.
40. Бұдан басқа, мемлекеттік сектордағы аудиторлық мекемелер біршама олармен орындалған аудиторлық тапсырмаларға қатысты жалпылама қорытындылардан тұратын басқа есептемелер шығара алады, сонымен қатар, корпоративті басқаруда, бухгалтерлік есеп және есептемені ұсыну бойынша ортақ кемшіліктер. Мұндай есептемелерде мемлекеттік мекемелерге қатысты ортақ заңдардың қағидаларына және нормативті актілерге түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар келтірілуі мүмкін.

3.2.3 Аудиторлық мекемелердің тексеру нәтижелері бойынша жалпылама көрсетілімі

41. Көптеген елдерде аудит саласындағы реттеуші органдар жыл сайын аудиторлық мекемелердің тексерулерінің нәтижелері жайында есеп береді. Мұндай есептемелердің тәптіштеу деңгейі ерекшелігі болуы мүмкін. Бір елдерде есептемелерде барлық аудиторлық мекемелердің жүргізілген аудиттің нәтижелерінің еркін сипаттамасы келтіріледі, басқаларында есептемелер бөлек аудиторлық мекемелер бойынша жарияланады.
42. Жеке аудиторлық мекемелердің тексеріс нәтижелерін бойынша есептемелерді жариялау, аудит сапасын көтеруде, соның ішінде негізгі қызығушы жақтармен аудит сапасын қабылдау бойынша (әсіресе

инвесторлармен және аудиторлық қорытындыны қолданушылармен) айтарлықтай рөлді ойнауы мүмкін. Аудит саласындағы реттеуші органдармен жеке аудиторлық мекемелердің есептерін көпшілік алдында жария етуде жақтастары да қарсыластары да болады. Біреулер жеке аудиторлық мекемелерге қатысты жүргізілетін тексеріс нәтижелерінің айқындылығы, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен өздерінің міндеттерін орындауға ықпал етеді, және аудит сапасына жағымды әсер етеді, себебі мекемелер өздерінің жұмыстарының жыл сайынғы жақсаруын көрсетіп тұруда қызығушылықтары бар. Басқалар ойлады, әйгілі түрдегі жеке аудиторлық мекемелердің жұмыстарының нәтижелері бойынша есептемелер, аудит сапасына зиян келтіру арқылы нәтижелерді табуға жауап ретінде, аудиторлық мекемелер өздерінің ұстанымдарын өте белсенді түрде қорғауға алып келуі мүмкін.


4. Қаржылық есептілікті қамтамасыз ету тізбегіндегі негізгі өзара әрекеттесу

43. Өзінің 2008 жылғы *Қаржылық есептеменің жүйесі: Келешегі және бағдары*,⁹ атты есептемесінде Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясы (ХБФ) қаржылық есептемені дайындау жүйесін “қаржылық есептемені дайындауға, келісуге, аудитте, талдауда және қолдануда қатысқан адамдар және жүйелердің жиынтығы” секілді сипаттайды.
44. ХБФ осы жүйенің барлық құраушылары жоғарғы сапасы болуы қажет және бір бірімен тығыз байланыста болуы қажет деп көрсетті – бұл жоғарғы сапалы қаржылық есептемені дайындаудың міндетті ережесі. Алайда тізбедегі қызмет көрсетудің әрбір жеке бөлімі жоғарғы сапалы есептемені қамтамасыз етуде жоғарғы рөлді ойнайды, олардың арасындағы мінездемелер немесе бұл бөлімдердің арасында қарым қатынас қалай жүзеге асатыны да, аудит сапасына белгілі бір әсер етуі мүмкін.
45. Ресми және ресми емес қарым қатынасты қосқанда, дәл осы бөлімдердің арқасында, қаржылық есептеме жүйесінің қатысушылары басқа қатысушылардың әрекеті және ұсынуларына әсер етуі мүмкін, және сол арқылы аудит сапасының көтерілуіне ықпал етуі мүмкін. Осы қарым қатынастың мінездемесі мен шектері, оған кірген тұлғалардың мақсаты және де қарым қатынастың өз контексті ретінде анықталады.

⁹ Есептеме: web.ifac.org/media/publications/9/financial-reporting-supply/financial-reporting-supply.pdf. сілтемесімен қолжетімді.

46. Сипаттамасы төменде көрсетілген қарым қатынас түрлері, жеке қарым қатынас санатына жатады. Онымен қоса, аудит сапасы аудиторлар және негізгі қызығушы жақтардың аудит сапасына қатысы бар, сұрақтарды талқылау мақсатында жүргізілетін, бірге кездесуінен ұтуы мүмкін.

47. Аудит сапасына қатысты кейбір қарым қатынастың аса бір маңызды түрлері¹⁰ төменде көрсетілген.



4.1 Аудиторлар мен Басшылық арасындағы қарым қатынас түрлері¹¹

48. Басшылық қаржылық есептеме дайындауға және қаржылық есептеменені дайындау үшін сенімділік, қол жетімділік және уақытылы ақпараттарды ұсынуды, қамтамасыз ету мақсатында ішкі бақылау жүйесін қалыпты жұмыс жасауына жауап береді. Бұдан басқа, басшылық қолданылатын қаржылық есептемені дайындау Тұжырымдамасына қаржылық есептеме сәйкес келуін, және керек жағдайда тиісті операциялар мен жағдайларды сенімді ұсынуды қамтамасыз етеді.
49. Қажетті ақпаратқа толық және уақытылы қол жетімділік ұсыну және тиісті тұлғалармен мекеме ішінде де одан алшақ қарым қатынас

¹⁰ Бұл бөлім тек сыртқы әсерге, яғни, аудиторлық топтың сыртынан әсер етуге арналған. Аудиторлық топтың аясында әсер ету түрлері жөнінде ақпарат 1-бөлімнің: Бастапқы белгілерінде көрсетілген.

¹¹ Көптеген кішігірім мекемелерде басшылық пен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасында айырмашылық жоқ деп айтуға болады. Екі функцияныда меншік иесі басшылық атқаратын болады.

аудитормен аудиторлық дәлелдемелер алуға ықпал етеді. Ашық және жүйелі диалог аудиторға аңтарлықтай бұрмалау қаупіне жауап ретінде тиісті шараларды анықтауға, бағалауға және қабылдауға көмектеседі, әсіресе маңызды пікір немесе белгісіздікпен қатысты, қиын және бір қалыпты емес операциялар немес сұрақтар кезінде. Ынтымақтастық және ашық диалог жоқ кезде тиімді аудит жүргізуді ұсыну екіталай.

50. Аудит сапасын көтеру үшін, аудитор аудиттің ерте кезеңінде басшылықпен керек ақпарат көлемін талқылау және оны ұсыну уақытын келісуді қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, аудитор басшылықтан уақытылы түсіндірмелер алу немесе қосымша талдау жүргізу мақсатында, егер ондай керек болса, жоғарғы мүмкіншілік үлеспен басшылықпен аудит барысында туындайтын, өзінің ескертпелерін талқылайды.
51. Аудитор және басшылық арасындағы ашық және жүйелі диалог, басшылық аудитордан келесі сұрақтар бойынша, бағалы ақпараттар алуда жағдайлар туғызуға ықпал етеді:
- Мекеменің қаржылық есептемесін дайындау тәжірибесінің жақсару мүмкіндігі.
 - Қаржылық есептеме дайындауда ішкі тексеру жүйесінің жақсару мүмкіндігі.
 - Қаржылық есептемеге жаңа талаптар.
 - Салааралық келешек.
 - Құқықтық және нормативті-құқықты сұрақтар бойынша бақылау.
52. Аудитор мен басшылық арасындағы ашық және жүйелі қарым қатынасты, егер аудитор жыл бойы аудит бойынша сол бір клиентпен өте көп уақыт өткізгеннен туындайтын жөнсіздіктен ажыратуы керек. Аудит сапасын жоғарғы деңгейде қамтамасыз ету үшін, аудитор кәсіби күмәншілік және дұрыстылықты сақтағаны өте маңызды, және де олармен ұсыналатын ақпаратты күмәншілікке қоюға дайын болуын көрсетуі қажет.
- 4.2 Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар мен аудиторлар арасындағы қарым қатынас түрлері**
53. Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар, мекеменің стратегиялық бағытына тексеріс жүргізуге және есептеме ұсыну бойынша міндеттемелерді орындауға жауап береді. Мұндай міндеттерге мекеменің қаржылық есептемесін құру кезіндегі тексеріс жатады. Қор биржасында тіркелген мекемелерде және басқа да ірі мекемелерде, қаржылық есептемені

дайындау кезіндегі тексерісті жүргізу бойынша негізгі көлемді көбіне аудит бойынша комитет атқарады.

54. Бұл міндеттерді орындау Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға аудитормен тиімді екіжақты қарым қатынаста көмектесуі мүмкін. Әсіресе, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар мұндай сұрақтар бойынша аудитордың ұсыныстарын пайдалануы мүмкін, оларға қаржылық есептемемен, басшылық өз пікірін шығаратын қаржылық есептеменің негізгі жақтарымен байланысты сұрақтар, клиент мекемесінің қауіптері секілді, және де мекеменің қаржылық есептемесін дайындау жүйесінің сапасы бойынша ұсыну, онымен қоса ішкі қаржылық бақылаудың қызметінің кемшіліктерін қоса алғандағы сұрақтар. Бұл мәліметтер Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға қаржылық есептемедегі ұсынылған ақпарат сенімді екені жайлы қорытынды жасауға көмектеседі, әсіресе егер аудитор басшылықпен шешілмеген қорқыныштары бар болса.
55. Аудитор Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың (аудит бойынша комитетпен қоса, егер ондай бар болатын босла) назарына аудит барысында анықталған аудит жоспарлау сұрақтары және маңызды сұрақтарды жеткізуі қажет. Кейде ақпараттық қарым қатынас өте тиімді болып келеді, егер ен болмаса бір кездесу немесе кездесудің бөлігі басшылықтың қатысуынсыз өтетін болса. Кішкене мекемелер үшін аудитор мен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы аса жиі және ресми ақпараттық қарым қатынастың болуы көп келеді.
56. Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар сонымен қатар, аудит сапасына келесідей ықпал ете алады:
- Қаржылық есептеме қауіптері және аудит көзқарасы бойынша ерекше назарды талап ететін қызметтің бағыты секілді сұрақтар бойынша кеңес беру;
 - Аудитті тиімді жүргізу және аудит жүргізуде бағаның келуі үшін бөлінген қаржының жеткілікті бағасы;
 - Тәуелсіздік принципі және сұрақтарды шешу тәсілдерінің бағасымен байланысты сұрақтардың есебі;
 - Аудит жүргізу әсіресе ықпалсыз әрекеттер қаупін бағалауға, бағалау есебі және басшылықтың жіберілгендері, және де есеп саясатын таңдауға қатысты, басшылықтың әрекетін аудитормен сынап бағалануы; және
 - Басшылық аудитордың сынап бағалануына түсіп қалмау ықпалын көрсетпеуге әкелетін жағдайды туғызу, және өзінің бағытын қиындық туғызатын немесе пікірталас сұрақтарды талқылауда өзінің бағытын белсенді қорғамайтын болады.

4.3 Аудитор мен Қаржылық Есептемені Қолданушылардың арасындағы қарым қатынас түрлері

57. Кейбір елдердің нормативті-құқықтық қоры есептеме қолданушылар мен аудитор арасындағы қарым қатынас белгілі бір түрлерін қарастырады. Мысалы, кейбір елдерде тағайындау, қайта тағайындау немесе мекеменің аудиторын алмастыру ұсыныстары мұндай мекеменің ортақ жиналыста акционерлердің құптауын талап етеді. Бұдан басқа, акционерлер ортақ жиналыс шегінде аудиторға кез келген маңызды жағдайлар бойынша сұрақтар қоюға құқықтары болуы мүмкін. Мұндай қарым қатынас түрлері аудиторға сапалы аудит жүргізуде қосымша ынталандыруды туғызуы мүмкін.
58. Бұдан басқа, қолданушыларға аудитордың ауысуы жөнінде сұрақтарды зерттеу бойынша негіздеме қажет болуы мүмкін. Мұндай негіздеме алу өте оңай, егер аудитор ауысуының себебі жөнінде ақпарат жалпыға қолжетімді және уақытылы ұсынылатын болса.
59. Мемлекеттік сектор мекемесінің аудиторлары қаржылық есептеменің бірінші қолданушыларымен жиі тікелей қарым қатынаста. Аудиторлар заң немесе орындаушы орган (мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік ведомстволарына қатысты) алдында олармен анықталған деректер ұсынылатын жиі таныстыру рәсімімен шығып тұрады, сонымен қатар, оларға келесілерді ұсынады:
- Қаржылық есептемені дайындаудағы мекеменің қызметі және тәжірибесі жайында дұрыс және саяси бейтарап ақпарат; және
 - Тиісті тапсырмалар мен өкілеттіліктерді сақтау және орындауға қатысты жүйелі және уақытылы ұсыныстар (сонымен қоса, қаржыны үнемдеуге қатысты).

Мұндай таныстыру рәсімдері аудитордың бірінші қаржылық есептемені қолданушылар жайында күтілімін кеңейтуі мүмкін, сонымен қатар, бірінші қолданушыларға аудит жүргізудің сапасын бағалау мүмкіндігін ұсыну.

60. Аудиторлық мамандықтың өкілеттері, әсіресе кәсіби бухгалтерлер мекемесі сол немесе басқа уақытта форумдар, конференциялар және басқа да кездесулерді оғарғы деңгейде жүргізе алады, оның кезінде аудиторлар аудит сапасына қатысты сұрақтарды талқылау мақсатында, қаржылық есептеменің қолданушылар тобымен қарым қатынаста бола алады.

4.4 Аудитор мен реттеуші орган арасындағы қарым қатынас түрлері

61. Аудит жүргізуге ықпал ете алатын, реттеуші органдарың бірнеше түрлері бар, олар қаржылық нарықтағы операцияларды, қаржылық нарықтағы қатысушылардың қызметін және қаржылық есептемені

дайындау тәртібін реттейтін органдар (“қаржылық реттеу органдары”); банк және сақтандырушы мекемелер секілді мекемелер түрлерінің қызметін реттейтін органдар (“пруденциалдық бақылау”); және бірнеше аудиторлық мекемелермен тікелей бақылау жүргізетін орган (“аудит саласындағы реттеуші орган”). Кейбір елдерде аудит сапасы жағынан өз әрекеттерін келісу пайдалы, бірнеше қаржылық және пруденциалды органдар бар.

4.4.1 Қаржылық және Пруденциалды Бақылау Органдары

62. Қаржылық және пруденциалды бақылау органдары және аудиторлар көптеген жағдайда бір бірін толықтырушы жақтармен сипатталады, алайда мұндай жақтардың бағыты ерекшеленуі мүмкін. Осыған байланысты көрсетілген жақтардың ақпараттық ресурстармен сауатты алмасу, нормативті-құқықтық реттеу жүйесін жақсарту және аудит сапасын көтеруге ықпал етуі мүмкін.
63. Аудит қаржылық және пруденциалды бақылау органдарына маңызды. Бұл секілді реттейтін органдар көбіне белгілі мекемелердің қаржылық есептемесінің аудитін жүргізуді, және аудит көлемін мекеменің ішкі қаржылық бақылау жүйесін тиімді бағалау секілді бағыттармен толықтыру арқылы, мерзімді кеңейтуді талап етеді. Бұдан басқа, мұндай реттеуші органдар кейде аудиторларға белгілі сұрақтар бойынша мәліметтерге сенімділікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды қояды.
64. Есепті дәйектерді дайындау бойынша ресми міндеттерден басқа, қаржылық және пруденциалды бақылау органдары аудит жүргізу барысында аудиторға жеткізілген сұрақтар бойынша ұсынуды қалауы мүмкін. Банктік бақылаудың реттеуші органдары жағдайында, мұндай сұрақтарға келесілер жатуы мүмкін:
 - Банктік қызметті жүргізуге лицензия талаптарының бірі орындалмағанын көрсететін ақпарат.
 - Заңдар және нормативті актілердің айтарлықтай бұзылуын көрсететіні мүмкін ақпарат.
 - Банктік қызметтің және қызметтің үзіліссіздігі жөнінде жорамалдармен байланысты, сұрақтардың қауіпіне қатысты айтарлықтай жағымсыз өзгерістер.
65. Қаржылық және пруденциалды бақылау органдары көбіне, аудиторға мәлім бола қалса, аудит көлеміне, және де қорытындыға және аудитор пікіріне әсер ете алатын ақпаратпен қамтамасыз болады.

4.4.2 Аудит саласындағы Реттеуші органдар¹²

66. Көптеген елдерде аудит саласындағы тәуелсіз реттеуші органдардың бекітілген қызметтерінің тапсырмаларына, аудиторлық мекемелердің қызметін және аудит жүргізудің жеке деректерін тексеру жатады, олар аудит сапасын көтеруге және оны қаржылық есептеме қолданушыларға одан да анығырақ жасауға рұқсат береді.
67. Аудиторлық мекемелер және аудит саласындағы реттеуші органдардың арасындағы ашық қарым қатынас, реттеуші органдардың жұмысын тиімді көтеруге ықпал етеді. Одан басқа, аудиторлық мекемелердің назарына, аудит жүргізілген деректің тексеру нәтижелерін анық және біркелкі жеткізу, оларға негізгі шыққан кемшіліктердің себебін нақты көруге және тиісті жауапты шара қолдануға мүмкіндік береді.
68. Әртүрлі елдердегі реттеуші органдар арасындағы диалог аудит сапасын ғаламдық көтеруге ықпал етеді, ол өз кезінде тексеруге тәсілдерді жүйелі қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған.¹³

4.5 Басшылық пен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы қарым қатынас түрлері

69. Қаржылық есептемені дайындау үрдісінің сапасына және сенімділігіне, мекеменің шын және адал әрекетінің белсенді міндеті жақсы әсер етеді. Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен орнатылатын және ынталандыратын, мұндай корпоративті мәдениет жоғарғы басшылықпен ынтымақтастылық кезінде, тиісті есеп саясатын жасау және сақтауға, және де жоғарғы сапалы қаржылық есептемені дайындауға қажетті ақпаратпен ашық алмасуға ықпал етеді.
70. Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар қойылған мақсатқа жету үшін, қаржылық есептемені дайындау жүйесінде тексерісті жүргізу бойынша

¹² Мемлекеттік секторда мынадай жағдай қалыптасты: мемлекеттік сектор мекемелерінің аудиторлары, әдетте, реттеуші орган жағынан сыртқы бақылауға тәуелді емес. Олар парламент, заңнамалар немесе ұқсас органдар алдында жауап береді, олар аудиторлық қызметтің сапасымен осы немесе басқа уақытта қызығуына болады.

¹³ Халықаралық көлемде аудит саласындағы реттеуші органдардың қызметінің білімі және үйлестігі бойынша алмасу Аудиттің Тәуелсіз Реттеуші Халықаралық форумының жұмысына ықпал етеді (АТРХФ). *Аудиттің тәуелсіз реттеуші қызметінің негізгі принциптері* АТРХФ құжатында, «*Жасалған принциптер реттеуші органдар арасындағы қарым қатынасты қолдауға қатысты қолданылады және аудит қызметін бақылау саласында қабылданған тәсілдерді қолдану тәртібін қамтамасыз етеді*» деп көрсетілген. Форум жұмысы бойынша қосымша ақпарат оның сайтында келесі мекен жай бойынша көрсетілген: www.ifiar.org

оларға өздерінің міндеттерін орындауда, басшылықпен анық және жүйелі қатынасқа жүктеледі. Бұл тапсырманы орындау басшылықтың Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен келесідей сұрақтарды талқылауға дайындығын талап етеді:

- Қаржылық есептеме және реттеумен байланысты әлеуетті маңызды сұрақтарды айқындау.
- Қаржылық есептеме дайындау кезінде қолданылған, бухгалтерлік есепке қатысты маңызды пікірлердің негізіне кірген жобаланулар.
- Қаржылық есептемені дайындау жүйесін жақсарту саласы.

71. Егер аудиторда басшылық пен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы қатынасқа қатысты қауіптері бар босла, онда аудитор маңызды қаржылық есептемені дайындау жүйесіне сай жетіспеулерге, қателерге жоғары назар аударуы қажет. Аудиторға сонымен қатар, мұндай қатынастардың кемшіліктерінің себебін түсінуге тырысып көру қажет, себебі аудиторлық процедуралар шыққан қауіптерге жауап ретінде орныққан жағдайға байланысты болады. Мысалы, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар басшылықтың адалдығына сенімді емес болған жағдайдағы аудиторлық процедуралар, басшылықтың Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың, кәсіби біліктілігіне қатысты күмән болған жағдайдағы аудиторлық процедуралардан ерекшеленеді.
72. Ерекше жағдайларда, аудитор басшылық пен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы қарым қатынасқа шындыр қобалжитын болса, ол әрекеттік және тиімді аудит жүргізудің мүмкіндігін бағалауы қажет, және де бұл клиентпен қарым қатынасты жалғастырудың жөнделігін талдауы қажет.

4.6 Басшылық пен реттеуші орган арасындағы қарым қатынас түрі

73. Қаржылық есептеме сұрағы бойынша қаржылық реттеу және басшылық арасындағы қарым қатынас деңгейі, елге және салааралық жатуына қатысты анықталады. Кейбір қаржылық реттеу органдары қаржылық есептемені дайындау Тұжырымдамасын жасайды және қолданады, және басшылыққа қаржылық есептеменің әртүрлі жақтары туралы сұрақтарды қоя алады. Бұл секілді шаралар басшылық мұндай сұрақтарды аудитор алдында көтеруіне алып келуі мүмкін, өз кезегінде ол келешекте аудит сапасында көрінуі мүмкін. Бұдан басқа, кейбір секторларда, мысалы, банктік, пруденциалды бақылау органдары басшылықпен қарым қатынасты қарастыратын, тікелей тексеру қызметін жүргізе алады. Аудитор мұндай қарым қатынас түрлері туралы түсінікті құрайды, себебі олар тиісті ақпарат және субъективті бағаның көзі болып табылады.

4.7 Басшылық пен қаржылық есептемені қолданушылардың арасындағы қарым қатынас түрлері

74. Қаржылық есептемені дайындаудан басқа, басшылық қолданушылармен, әсіресе инвесторлармен, кейбір басқа тәсілдермен, сонымен қоса маңызды операциялар мен оқиғалар жөнінде, баспасөз хабарламасын жариялау арқылы, және де сарапшылармен кездесулер және инвесторлармен басқа да кездесулер өткізу арқылы, қарым қатынаста бола алады. Басшылық пен қолданушылардың арасындағы қарым қатынас қолданушыларға қаржылық есептеме жөнінде кең түрде көруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, екіжақты бағыттылық қарым қатынасы, мысалы, басшылық пен инвестор арасындағы кездесу түрі, басшылыққа қаржылық есептемені аса сапалы түрде дайындауда, қосымша ынта туындатуы мүмкін.
75. Жалпы институционалдық инвесторлар секілді қолданушылар, аудит сапасының маңыздылығын басшылықпен бірге, аудитор әйгілі орынды алатын сұрақтарды зерттеу бойынша белсенді қызығушылық арқылы көтеруге қабілетті, мысалы, аудитор пікіріне модификация енгізу арқылы немесе акционерлерге тиісті жақтар бойынша есептемені ұсыну.

4.8 Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар және реттеуші органдар арасындағы қарым қатынас түрлері

76. Басшылықпен жағдай секілді, қаржылық реттеу органдары мен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы қарым қатынас деңгейі, ел және салааралық жатуына байланысты.
77. Алайда қазіргі кезде аудит саласындағы реттеуші органдар мен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы қарым қатынас көлемі, салыстырмалы үлкен емес, мұндай қарым қатынастың келешегі бар. Мысалы, кейбір елдерде аудит саласындағы реттеуші органдар, тиісті мекеменің Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларына аудитормен жүргізілген аудиттің жеке деректерін тексеру кезінде алынған, қорытындыны ұсынады немесе ұсынуды талап етеді. Бұдан басқа, аудит сапасын бағалау бойынша инспекторлар тексеріс барысында, жүргізілген аудиттің жеке деректерінің сапасы жөнінде пікірін білу үшін, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға жолығуына болады.

4.9 Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар және қаржылық есептеменің қолданушылары арасындағы қарым қатынас түрлері

78. Бірнеше елдерде аудит бойынша комитетті (егер ондай бар болатын болса) қосқандағы, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың, аудиторлар қызметін немесе аудит жүйесінің жақтарын тексеруге қатысты, белгілі бір міндеттері бар. Аудит сапасын қолданушылармен қабылдауы үлкен мүмкіншілік үлесімен, қызметі жоғарғы сапа және айқындылық


сипаттайтын, аудит бойынша комитеттің белсенді қатысуы арқылы құрылатын болады. Онымен қоса, өздерінің міндеттерін орындау бойынша ақпараттарды, Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға жеткізу деңгейі айтарлықтай айырмашылық болуы мүмкін.

4.10 Реттеуші органдар және қаржылық есептеменің қолданушылары арасындағы қарым қатынас түрлері

79. Тәуелсіз тексеріс кезінде елдердің саны, аудит жүргізу сырттай аудит сапасын тексеру арқылы бірте бірте азаяды. Ереже бойынша, аудит саласындағы реттеуші органдар өздерінің қызметінің нәтижесі жайлы жалпы әйгілі түрде жауап береді, соның негізінде қолданушылар аудит сапасы жайлы ортақ көрініс құра алады. Кейбір бақылаушы органдар әйгілі түрде өздерінің жеке аудиторлық мекемелерге қатысты жасалған қорытындылары туралы жауап береді, ол қолданушыларға аса толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

5. Контекстік факторлар

80. Қаржылық есептеме дайындау жүргізілетін және аудит өткізілетін айнала елге байланысты. Кейбір елдер үшін бизнесті жүргізудің ресми емес қағидалары және салыстырмалы түрде аз жасалған қормерциялық құқық сипатталып келеді. Мұндай елдерде сыртқы қолданушыларға қаржылық есептеме шектеулі сипатта болуы мүмкін, онымен қатысты қолданушылардың күтімі үлкен емес. Мұндай айнала мемлекеттің дамуын, және әсіресе қормерциялық мекемелердің қызметінің шегін ұлғайтуды, және капитал нарығында қаржыландыруды алу қажеттігінің туындауын қиындатады. Қаржылық есептеме маңыздылығы ұлғаяды, ал қолданушылардың оны дайындау уақыты мен сенімділігіне қатысты болжамы өседі. Бұл өз кезегінде нормативті-құқықтық базаның дамуына, қаржылық есептеменің талаптарының ұлғаюына және корпоративті басқару жүйесінің жақсаруына алып келеді.
81. Сыртқы ортаның факторларын жиынтық алғанда қаржылық есептеменің сапасына және сипатына әсер етуі мүмкін, және тіке немесе жанама аудит сапасына әсер етеді. Бұл орынды болған жағдайларда, аудиторлар бұл факторларды ескереді, және тиісті жеткілікті аудиторлық дәлелдеме алу үшін, ең дұрысы қандай тәсілді қолдану керек екенін анықтау бойынша тиісті шаралар қолданады.
82. Сыртқы ортаның факторларына келесілер жатады:



5.1 Бизнес жүргізу ережелері және коммерциялық құқық

83. Бизнестің ресми жолы ұлттық әдет-ғұрыптар мен коммерциялық құқыққа байланысты жүзеге асырылады. Кейбір ұлттық орталарда басқа тараптармен бейресми негізінде мәміле жасау адамдардың сенім қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Отбасы мүшелерінің және үкімет тарапынан бақыланатын заңды тұлғалардың мүлкін басқаруда тұлғалар өзара байланысты - бұл бірінші кезекте сауда серіктестері бар орталар.
84. Коммерциялық құқықтың ресми түрге әсері бизнес операцияларын жүргізу кезінде байқалады. Атап айтқанда, келісім-шарт бойынша құқық құру кезінде және операциялар аяқталғанда туындайтын міндеттемелер кезінде анықталады. Коммерциялық заңдар аз дамыған жерде, меншік талаптарын бекіту және міндеттемелер бойынша ережелерге сәйкестігін бағалау қиын болуы мүмкін.
85. Кейбір жағдайларда, мәміле мерзімі және шарттары белгісіз немесе тіркелмеген болуы мүмкін және келісім- ауызша түзету құралы болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда жауапкершілікті бөлу және ішкі бақылау

жүйесінің тиімділігі азаяды, соның себебінен алаяқтық және сыбайлас жемқорлық көбейеді. Осындай жағдайларда жеткілікті құжаттаманың болмауы операциялардың экономикалық мәнін түсіну және олар толық және тиісті түрде есепке қабылданбағанын анықтауда басқару өкілеттігіне ие тұлғалар үшін елеулі қиындықтар туғызады.

86. Салық заңнамасының сақталуына деген қатынас әртүрлі. Кейбір орталарда, басшылықтың өзі салық міндеттемелерін азайтпауға тырысады, сол үшін шот мерзімін ұзарту сияқты шараларды қолданады, басқа орталарда; шоттарының біреуден артық жиынтығы «экономикалық» және «салық» кейбір тәртіпсіздікті жасау мүмкін деп бір орынға орнын көрсетіле отырып, біреуі сақталынуы мүмкін. Мұндай жағдай шартты салық міндеттемелері үшін резервтеуді талап ете алады

5.2 Қаржылық есеп беруге байланысты заңнамалар мен нормативтік актілер

87. Қаржылық есеп беруге қатысты заңдар мен нормативтік актілер, әдетте, бизнеске мүдделі тараптарға керек есеп жауап әзірлейді. Меншік иелері мен басқару арасындағы жақындығы жетіспейтін аталған тұлғалар үшін, ережелер мен қаржылық есеп ашып көрсетулер қаржы ішкі ақпаратқа қол жеткізе алмайтын акционерлердің мүдделерін қорғауға арналған. Керісінше, басқа ұйымдарда реттеу және қаржылық есептілік ақпаратты ашып көрсету мүдделі тараптар бизнес басқаруға тартылуы мүмкін екендігін ескере отырып, төменгі деңгейде орнатылған болуы мүмкін, сондықтан ішкі ақпаратқа қол жеткізе алады деп көзделген.
88. Бизнесі негізгі концептуалды жүргізудің ортақ функцияларын орындаудан басқа, заңдар және нормативтік актілер, оның ішінде белгілі бір қызығушы жақтардың тобына ұсынылатын, әсіресе егер мұндай заңдар және нормативтік актілер тиісті түрде іске асырылатын және қолданылатын, қаржылық есептемеде көрсетілетін ақпараттың мінездемесіне және ақпарат көлеміне тікелей әсер ете алады. Бұл секілді жағдайларда, заңдар және нормативтік актілер келесі тапсырмаларды шешуде сәтті қолданыла алады:
- Қаржылық есептемені дайындаумен байланысты басшылықтың міндетін анықтау;
 - Қаржылық есептемені ықпалсыз дайындағаны үшін басшылыққа айыппұл шараларын қолдануды қамтамасыз ету;
 - Тексеріс механизмдері және мәжбүрлеп орындауларды іске қосу арқылы, қаржылық есептемеге қойылатын талаптарды орындауға ықпал ету;

- Аудиторға барлық керекті ақпараттарды және мүмкіндіктерді ұсынуды қосқандағы, аудитормен толыққанды қызмет жасау бойынша басшылыққа міндеттеме орнату; және
- Аудиторлармен сенімді емес ақпараттарды ұсынуы үшін басшылыққа айыппұл шараларын қолдану.

89. Алайда, заңдардың және нормативті актілердің ең қатал деген қағидалары орнатылған талаптардың сақталуына жеткіліксіз құрметті қарым қатынасты толық жоюға мүмкіндігі жетпейді. Тиісінше, нормативті-құқықтық базанын басшылықтың әрекетіне белгілі бір ықпал ету деңгейінің шектеулері бар.

5.3 Қаржылық есептемені дайындаудың қолданылатын Тұжырымдамасы

90. Қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасы қаржылық есептеме сапасының маңызды факторы болып табылады. Анық және бір мағыналы тұжырымдама басшылыққа бухгалтерлік есеп саласында шешім қабылдауға көмектеседі және тиісті стандарттардың қолданылу жүйелігін қамтамасыз етеді. Онымен қоса, қаржылық есептемені дайындаудың артық қиындатылған тұжырымдамасы бухгалтерлік есеп талаптары туралы басшылықтың көріністерін, және Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың қаржылық есептемені дайындау процессімен тиімді бақылауды қиындатуы мүмкін.

91. Мұндай қиындықтар қаржылық есептеменің талаптарына және ақпараттың ашылуына жиі өзгерістермен қиындатылуы мүмкін, өз кезегінде ол (ен болмағанда қысқа мерзімді кезеңге) әртүрлі мекемелермен тиісті стандарттарды кезегінсіз қолдану мүмкіндігін ұлғайтуы мүмкін.

92. Қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасының мінезі мен қиындығы аудит сапасына да әсер етуі мүмкін. Кейбіреулер тек принциптерде негізделген қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасы, басшылыққа есеп жүргізу бойынша өте үлкен еркіндік береді деп ойлайды, және ол басшылықтың мақсаттарына жауап беретін тәсілдер арқылы іске асады, және аудитормен басшылықтың қызметін бағалау сынын қиындатады. Басқалар болса, ережелерге артық бағдар қаржылық есептемеге орнатылған талаптарды қатал қолданудан тұратын тәсілдер қолдануды білдіреді, ол аудиторларға қаржылық есептемедегі операциялар түсінігін және ақпарат ұсыну сенімділігін қалыптастыру туралы көріністі қиындатады.

93. Соңғы бірнеше жыл қаржылық есептеме өте көп мөлшерде қаржылық ақпарат алуда қолданушылардың «мұқтаждықтарын» қамтамасыз етуге бағытталған, тіпті егер мұндай ақпарат аса көп мөлшерде

субъективті және аса аз «сенімді» болатын болса. Бұл өз кезегінде әділ құн бағамын және басқа есептік мағыналарды кең мөлшерде қолдануға асып келді, ол өз кезегінде бағаның аса белгісіздігін білдіреді. Бастапқы ескертпелер және бағаның белгісіздігі туралы ақпаратты ашу (мысалы, сезімталдық талдауы) қаржылық есептемедегі тиісті сомманы сенімді ұсынудың бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Бірақ кейбір ашылатын мәліметтер сапалық мінезде болады, мысалы, хеджирлеу стратегиясы және қауіптермен басқару. Нәтижесінде кейбір мұндай қаржылық ақпараттың «аудит жүргізілгеніне» күмән келтіреді, себебі, ол мұндай қаржылық есептеме секілді ақша құралдарындай, нұсқаулы түрде аз тексеріске беріледі. Аудит саласы көз қарасынан басты мәселе болып келесілер табылады:

- Есеп сұрағы бойынша қиындықтармен байланысты, тапсырмаларды шешуге мөлшерсіз көлемде уақыт кетірудің орнына, аудиторлық топтың жоғарғы деңгейінің өкілеттерімен басшылыққа, бақылау жүргізуге және аудиторлық жұмыстың сапасын жалпы тексеруге жеткілікті уақыт жұмсау.
- Қажетті ақпарат жинау және қажетті пікір шығару, егер мойындау, бағалау және ақпарат ашуға қатысты шешімдер қаржылық есептемеге тиісті талаптарды орындау кезінде басшылықпен кәсіби тұжырымға көп көлемде сүйенуі мүмкін, әсіресе егер олар ескертпелер, мүмкіндіктерді, болжамдық күтулерді немесе жиынтық нұсқаларды қолдануды болжайтын болса.
- Басшылықтың ниетін растау, әсіресе егер басшылық ертерек ұқсас жағдайлармен кездеспеген болса, егер қолданылатын қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасы мекеменің болжамды қызметтеріне байланысты есептің ұқсас тәсілдерін қарастыратын болса (мысалға, инвестиция саудаға немесе өтеу уақытына дейін ұстау үшін арналған ба).
- Қаржылық құралдардың әділ құнын растау, егер олар үшін белсенді нарық жоқ болса және бағалау тексерілмейтін бастапқы параметрлермен негізделген болса. Мұндай жағдайларда жиі мамандандырылған білімдердің болуын талап ететін, маңыздылық кәсіби тұжырымдамада негізделген, әділ құн есебі жиынтық нұсқа және ескертпелерді қолдануды ұсынуы мүмкін.
- Ереже бойынша, қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасы бухгалтерлік есеп саласындағы өзінің тұжырымдамасын растау үшін, басшылықпен талаптар және нұсқаулар алу және тиісті дәлелдерді құжатты түрде рәсімдеу болмайды.

94. Бағалаудың маңызды белгісіздігін болжайтын, бағалау мағынасындағы қажеттілік деңгейі жоғарғы үлестегі мүмкіндікпен, мекеменің салалық жатуына, және жалпы оның экономикалық саласына байланысты анықталатын болады:

- Кейбір мекемелердің салыстырмалы түрде қызметтік белсенділігінің қысқа айналымдары болады, ал олардың тауары немесе қызметі жеткілікті түрде өте айналымға түседі. Мұндай мекемелерге пайда мен ақша қаражаттары арасындағы тығыз қарым қатынас тән. Басқа мекемелерде қызметтік белсенділік кезеңі аса ұзақ, соның салдарынан есептік көрсеткіштерді қосымша қолдану қажеттігі туындайды.
- Басқалар тек ауық ауық жасағанда, кейбір мекемелер, мысалы банктер қаржылық құралдармен белсенді саудаласады.
- Жағымсыз экономикалық жағдайлар кезеңінде мүмкін болатын сауданың және құнсыздануға қордың есептік мағынасы қажет болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда саудалық әріптестердің, және де мекеменің өзімен үздіксіз қызметтері туралы ескертпелермен қатысты, тәуекелділік деңгейі көтерілуі мүмкін.

5.4 Ақпараттық жүйе

95. Сапалы қаржылық есептемені дайындау үшін сенімді ақпаратты жүйе қажет. Кейбір құзіреттерде бухгалтерлік есеп жүйесін және мекеменің басқа жүйелерін және де осы жүйелермен ішкі бақылау құралдарымен жанасатын, арнайы заңдық талаптар және стандарттар жұмыс жасайды. Алайда көптеген басқа құзыреттерде мұндай талаптар және стандарттар жоқ. Сонымен қатар, аудитормен өзінің жұмысында ақпараттық жүйесінің сұрақтарын талдауды реттейтін, арнайы заңдар немесе басқа да нормативті актілер болуы мүмкін, бірақ тіпті егер олар болмаса да, мекеменің ақпараттық жүйесінің мінездемесі және сапасы алынатын аудиторлық дәлелдемелердің мінездемесі мен көлеміне, және де оларды алу уақыты әсер ететін болады.

96. Шағын мекемелердің қызметі кейде аз қиындықпен сипатталады, оның үстіне, оларда табыс көздері және операциялар аз. Мұндай жағдайларда, ереже бойынша, аз қиындықтағы технологияларда негізделген бухгалтерлік есептің оңай жүйесі қолданылады, оның үстіне кейде ішкі тексерудің заңды құралдары мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін.

97. Көптеген мекемелерде сенімді және жақсы қадағаланатын бухгалтерлік жүйенің бастапқы жүйесі жұмыс жасайды, бірақ қаржылық есептемеге қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін, қосымша ақпарат жиі қажет, әсіресе, қаржылық есептеменің қосымшасына қосу үшін. Активтердің әділ құны және тиімділіктің

қаржылық емес маңызды көрсеткіштері болатын, мұндай сұрақтар жайлы ақпарат алу үшін, әдетте бухгалтерлік есеп жүйесінің құрамдас бөлігі болмайтын, жиі арнайы әрекеттер жасауға немесе жүйеге жүгінуге тура келеді. Мұндай ақпарат бухгалтерлік есеп жүйесінен ақпаратқа қарағанда, аз сенімді тексеруге ұрынады, және бұл қаржылық есептеменің жалпы сапасына ықпал етуі мүмкін.

98. Ақпараттық технологиялар әдетте, ереже бойынша компьютерленген. Алайда, компьютерлік жүйелер әдетте ақпаратты қатесіз өңдейді, оларда жүйелік жаңылысулар және жұмыстың үзіліссіздікі болып тұруы мүмкін. Ішкі аудитор тиімді корпоративті басқаруды орнықтыру үшін Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар немесе басшылықты мекеменің ақпараттық жүйесінің дәйектілігіне сенімділік қамтамасыз етуі қажет.
99. Ақпараттық жүйенің маңыздылығы қаржылық есептемені дайындаудың шегіне шығу, мекемелер қиын жүйелерден және олардың негізінде болатын технологияларданаса тәуелді болады. Мысалы:
- Көптеген өнеркәсіптер «дәл уақытында» жүйесінің шегінде өндірістік операциялармен басқару үшін ақпараттандырылған жүйелерді қолданады.
 - Алып сату саудасындағы көптеген мекемелер қор және өтімді қадағалауда ақпараттандырылған жүйе қолданады.
 - Алып сату саудасындағы кейбір мекемелер қызметін тек интернет желісі арқылы ғана жүргізеді.
 - Көптеген қаржылық мекемелер және телекоммуникациялық мекемелер, және де көптеген мемлекеттік сектордағы маңызды мекемелер үлкен көлемдегі, әдетте халықаралық көлемде болатын, операцияларды тез әрі дәл жасау және өңдеу үшін ақпараттандырылған жүйені қолданады.
100. Ақпараттық технологияларды қолдануға бағынышты мекемелердің ақпараттық жүйесінің жұмысындағы жаңылысулар елеулі шығындарға, ал ерекше жағдайларда банкроттыққа да алып келуі мүмкін.

5.5 Корпоративті Басқару

101. Қолданылатын қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасының шегінде болатын дәйекті талаптарға қарамастан, қаржылық есептеменің сапасы басшылықтың қаржылық ақпаратты дәл және сенімді ашуда және оның тиісті білімі мен тәжірибесінің бар болуына қызығушылығына байланысты.

102. Басшылықтың қызметін Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен қадағалау, басшылықпен өзінің міндеттерін орындау үшін іс-қимыл қарым қатынасындағы белгілі бір құтулер қалыптастырады және ынталандыру тудырады. Корпоративті басқарудың жақсы тәжірибесі мекеменің дайындалатын қаржылық есептемесінің сенімділігіне оң әсер ету мүмкін.
103. Көптеген мекемелерде, әсіресе ірі мекемелерде, аудит бойынша комитеттер бар, олар корпоративті басқарудың жақсаруына ықпал ете алады, әсіресе, комитет мүшелері басшылыққа тәуелді емес және жеткілікті деңгейде қаржылық сауаттылығы болған жағдайларда. Корпоративті басқару деңгейіндегі айырмашылықтар аудиттің тәсіліне, және де басшылықпен және Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен қарым қатынас жүйесіне әсер етуі мүмкін.
104. Тиімді корпоративті басқару тең деңгейде кіші мекемелерге де қажет, алайда олардың меншік иесінің қалпы корпоративті басқарудың заңды құрылымы олар үшін айтарлықтай орынды емес дегенді білдіруі мүмкін, ал аудит бойынша комитеттер жиі құрыла бермейді. Көптеген кішігірім мекемелерде басшылық пен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасында айырмашылық жоқ деп айтуға болады; екі функцияны да меншік иесі басшылық орындайды.
105. Қолданушылармен мекеменің қаржылық есептемесінің сапасын бағалау, сірә, өседі, егер аудит бойынша комитет басшылықтан тәуелсіз және жеткілікті деңгейде қаржылық сауатты деп шешетін болса. Қолданушылардың сенімділігі дәл солай ұлғаюы мүмкін, егер олар қарастырған негізгі сұрақтар және жасалынған қорытындылардың себебі жайында аудит бойынша комитетпен қабылданған әрекеттермен хабарланған болса.
106. Көп аса ірі мекемелер өздерінің корпоративті басқару және ішкі тексеру құрылымы шегінде ішкі аудит қызметін құрады. Алайда ішкі аудиттің мақсаттары мен функциялары көп қырлы, әдетте олар корпоративті басқарудың тиімді жүйесін бағалау және көтеру мақсатында, ақпараттың сенімділігін тексеруді және кенес беруді, және де мекеменің қауіптермен басқару және ішкі тексеруді қосады. Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар ішкі аудиттің қызметімен бақылау жүргізе алады, және әдетте, сыртқы аудитор мен ішкі аудит қызметтерінің арасында тиісті қарым қатынасты қамтамасыз етуге қызығушылығы болатын болса.
107. Сыртқы аудитқа қатысты болатын болса, негізін қалаушы мағынасы мекеме басшысы, әдетте оның директоры орны бар. Олардың кейбіреулері сыртқы аудит реттеуші органдардың талаптары сондай болғаны үшін ғана керек деп ойлайды, сол үшін оған деген шығынды өте аз көлемге әкелу керек. Басқалары аудитті оларға жарияланған

қаржылық есептеменің дәйектілігіне сенімді болуға мүмкіндік беретін, және де оларға мекеме алдында тұрған, оның бақылаушы ортасы және қаржылық есептемені дайындау кезіндегі қауіп жағынан білетін тәуелсіз бақылаушының құнды кеңесін алуға мүмкіндік беретін, қатал жүйе ретінде бағалауы мүмкін. Мекеменің корпоративті басқауға жауап беретін тұлғалар аудитордың жұмысына белсенді қызығушылық таныта отырып, және қажетті сапа көрсетілмеді деген жағдайларда қажетті шаралар қолданып, аудит сапасына оң әсер етуі мүмкін.

108. Аса ірі мекемелерде, әсіресе құнды қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілген мекемелерде көбіне мекеме мен аудитор арасындағы қарым қатынасты бақылауды орындайтын, аудит бойынша комитет құрады. Бұл аудиторды тағайындауды, тәуелсіз аудитордың бағасын қосуы мүмкін (оған қоса, аудитке ілеспе қызмет көрсету), және аудит жүргізу бойынша қызмет бағасын құптау. Егер аудит бойынша комитеттер шығын қысқартуға емес, аудит сапасын көтеруде қызығушылығын танытса, олар аудитқа қажетті көлемдегі тиісті қаражат бөлуге көмектеседі.
109. Аудит бойынша кейбір комитеттердің міндеттеріне аудиторды қайта тағайындау немесе аудит жүргізу бойынша қызмет бағасын қарастыру шегінде, тікелей аудит сапасының бағасы кіреді. Мұндай бағанын тиімділігі аса жоғары болады, егер аудит бойынша комитетке ресми жүйе және аудит сапасының жеке бөліктерін сипаттау қағидалары қарастырылған болса. Аудит бойынша комитетпен аудит сапасын бағалауға аудитормен қарым қатынас (53-тен 56-шы тармаққа дейін қараңыз) және әсіресе, көрсетілген кәсіби скептицизмді бағалау ықпал ететін болады.
110. Әдетте аудит сапасы мен ресурстардың сапасы және көлемі арасында, оны жүргізу кезінде қолданылатын, қарым қатынас болады; және ол ереже бойынша аудиторлық қызметтің құнында сипатын табады. Алайда бұл қызметтердің төмен бағасы аудит жүргізуге жеткіліксіз көлемде қаражат бөліну және тиісті сипаттағы жеткілікті көлемде аудиторлық дәлелдеме алу үшін ешқашан ақтау таба алмайды. Аудит бойынша комитеттер аудит жүргізуге жеткілікті уақыт жоспарланғаны жөнінде тексеруі маңызды. Бұл аудиторлық қызметтің құны тікелей басшылықпен талқыланатын жағдайда ғана ерекше мағынаға ие болады. Басшылық көбіне аудиторлық қызметтің құнын анықтау үшін көп ықпал етеді, оның үстіне оның аудит сапасы жөніндегі көрінісі аудит бойынша комитеттің көзқарасынан ерекшеленуі мүмкін.

5.6 Жалпы Мінездегі Мәдениетті Ықпал

111. Ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері қаржылық есептемені дайындау жүйесіне кіріскен, барлық қызығушы жақтардың орнатулары мен

әрекеттеріне тікелей ықпал етуі мүмкін, және де бухгалтерлік жүйені жүргізу және қолданылатын заңдар мен нормативті актілердің талаптарының көлемі мен мінезін қозғауы мүмкін.

112. Мәдени ықпалдың санына келесілер жатады:

- a. Билікке қатысы – әртүрлі қоғам әртүрлі теңсіздік деңгейін сипаттайды («биліктен алшақтық» деп аталады), және бұл жас адамдардың аса жоғарғы жастағы адамдармен және керісінше қалай қарым қатынаста болатынына әсер етеді .
- b. Белгісіздікті қабылдамау – адамдар белгісіздікке әртүрлі қарайды, және бұл олардың барлығын құрылымдауына және олардың құрылымдық емес жағдайларға әрекетіне әсер етуі мүмкін.
- c. Ұжымдық әрекет – жеке адамдардан ұжымдық немесе жеке әрекет күтетін қоғамдағы шара.
- d. Айқындылық – қоғамның пікірі бойынша тиісті айқындылық және құпиялық арасындағы өлшем.

113. Мұндай мәдени ерекшеліктер, әділдік пен кәсіби күдікшілікке, және де жеке тұлғалар бірге қалай жұмыс жасайтынына, тұжырымдар шығаратынына және бір бірімен қалай қарым қатынаста болатынына ықпал етуі мүмкін.

114. Жұмыстық айналым және мәдени ықпалдар әдетіндегі ерекшеліктер халықаралық мекемлер үшін де, олардың аудиторлары үшін де тәжірибелік қиындықтар туғызуы мүмкін. Топтың басшысы топтың деңгейінде қаржылық есептемені тексерудің тиімді құралдарын жасауын енгізетін және қамтамасыз ету арқылы, мұндай қиындықтардың ықпалын жұмсарту үшін арнайы шаралар жасау туралы шешім қабылдауы мүмкін. Мұндай шаралар келесілерді қамтуы мүмкін, мысалы:

- Топ жұмыс жасайтын барлық елдердегі ақылдасқан саясат және шараларды.
- Топ деңгейінде жұмыс жасайтын бағдарламалар, мысалы, жүріс-тұрыс кодексі және жосықсыз әрекеттерді ескерту бойынша бағдарламалар.
- Құраушылардан алынған қаржылық ақпараттың натылығы және толықтығына ішкі аудитордың бағасы.
- Құраушылардың қаржылық нәтижелері және қызметіне ортақтандырылған тексеру.
- Қарым қатынасты орнықтыру мақсатында топ басшысының жиі келіп тұрулары.

- Қызметкерлерді іссапарға жөнелту.

Аса жоғары мінездегі іскерлік айналым мен мәдени ықпал арасындағы айырмашылықты түсіну, топтың аудиторына топтың аудитін әртүрлі құзыреттерде жоспарлауға және жүргізуге көмектеседі.

5.6.1 *Билікке Қатысу*

115. Кейбір мәдениеттерде иерархияға кіретін адамдар арасындағы билікті бөлуде кең көлемде үзілулер бар, ол өз кезегінде адамдар арасындағы мінез-құлыққа және қарым қатынасқа әсер етуі мүмкін. Осылай кейбір мәдениеттерде әдепсіз болып саналуы мүмкін, егер аса тәжірибелі емес қызметкерлер аса үлкен әріптестерінің көзқарасымен келіспейтін болса. Биліктік өкілетпен үлестірілген тұлғаларға аса құрметті қарым қатынас, мекеменің аз тәжірибелі бухгалтерлерінің өздерінің басшылығының әрекеттеріне де, ғимаратта жұмыс жасайтын ұжымдағы жұмыстық ахуалына да күмән қою дайындығына әсер етуі мүмкін.

116. Аудит ол аудиторлық топ мүшелерінің ұжымдық жұмысын және оның кіру және шығу бағытындағы құрылымының барлық элементтері арасындағы нақты ақпараттық қарым қатынасты білдіретін жүйе. Өкілеттілікті бөлуде үлкен үзіліс болатын қоғамда, аз тәжірибелі аудиторларда өкілеттілікпен құзырланған тұлғалармен араласуда қиындықтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда аудиторлар басшылыққа тікелей батыл сұратулардың орнына, құжаттаманы мұқият тексеруді туралы шешім қабылдауына болады.

5.6.2 *Белгісіздікке Жол бермеу*

117. Кейбір ұйымдар басқаларға қарағанда, белгісіздікке жол береді. Бұл қауіптерді және бір беткейлік деңгейін қабылдауға әсер етуі мүмкін. Бірбеткейлік мүмкін бизнесті жүргізу саласына және оның ішкі әрекетіндегі басшылықтың стратегиясына, және де қаржылық есептемені дайындау кезінде құрылатын бухгалтерлік есепке қатысты тұжырымға ықпал етеді.

118. Бұдан басқа, жағымсыз белгісіздіктер аудиторлармен жеткілікті және тиісті деп анықталатын, қауіп бағасына және дәлелдемелер көлеміне әсер етеді.

5.6.3 *Ұжымдық Мінез-құлық*

119. Кейбір қоғамдарда үлкен қоғамдық назар ұжымдық мінез-құлыққа беріледі, мысалы, мемлекетке, жұмыс берушіге және отбасыға адалдық. Мұндай жағдайларда жеке тұлғалар топтық шарттарды және әрекет тәртібін ұстанады деген ықтималдылық жоғары. Басқа қоғамдарда жекеленген көзқарас және ұстаным бағаланады, алайда бұл

кәсіби скептицизмды қолдауға ықпал етуі мүмкін, бұл және де үлкен әртүрлі мінез-құлық әрекеттеріне және нәтижелерге алып келеді.

5.6.4 Айқындылық

120. Мәдениеттің тағы бір қыры ол, қаржылық есептемеге және аудитордың басшылықпен тиімді қарым қатынасына ықпал ете алуы, шаруашылық қызмет барысында күтілетін құпиялық немесе жасырындылық шарасы болып келеді. Жеткіліксіз ашық емес немесе айқынды емес болуы салдарынан басшылық жағынан аудиторға, қаржылық есептемені елеулі бұрмалау қаупін тиісті анықтау және бағалау мақсатында, мекеме қызметінің керекті жақтарын түсіну қиын болуы мүмкін.

5.7 Аудиторлық қызметті реттеу

121. Аудиторлық қызметті реттеу аудиторлық мекемелерге және жекеленген аудиторларға аудит жүргізуге лицензия беруді, стандарттар орнатуды, аудит сапасын тексеруді аңғартады, және де стандарттарды орындамау және тиісті түрде аудит жүргізбеу жағдайында тәртіпті шаралар қолдану. Мемлекет деңгейінде бұл функциялар, ереже бойынша, тәуелсіз реттеуші ұйымдармен немесе кәсіби бухгалтерлік мекемелермен, не болмаса екеуімен де жүргізіледі.

122. Нормативті құқықтық актілер, және де аудит пен әдеп стандарттарын реттеудің көптеген жақтарының негізін құрайды. Алайда аудиторлық және әдептік стандарттары мемлекет деңгейінде қабылданады, ұлттық стандарттарды жасауда жиі ХАКСБ және БХӘСК ұйымдарымен қабылданатын халықаралық стандарттар қолданылады.

123. Аудит стандарттарының және басқа да ұқсас стандарттардың талаптары аса тиімді, егер олар қинап орындау мүмкіншілігімен тиісті түрде қамтамасыз етілген болса. Бұл стандарттарға қажетті құқықтық жағдайды, аудитті тексеруді, аудитті тиісті жүргізбеу дәлелдері туралы ұсыныстарды зерттеуді, және керек жағдайда тәртіптік шараларды қолдануды білдіреді.

124. Аудит тексеру елінің (сарапшы бағасы) деңгейінде әдетте басқа аудиторлық мекемемен, кәсіби бухгалтерлік мекемемен (кейде реттеуші органдардың өкілеттілігін бөлетін), немесе аудиторлық қызметті реттейтін тәуелсіз органдармен жүргізіледі. Жиі заңдар және нормативті актілерде құнды қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілген мекеменің аудитін тексеру, ал кейде маңызды мекемелердің басқа қоғамының аудитін жүргізу аудиторлық қызметті реттейтін тәуелсіз органдармен орындалатынын аңғартады.

125. Аудитті тексеру аудитормен аудит стандарттарын ұстануды, және де өкілеттілікке байланысты аудит сапасының басқа жақтарын бағалау

үшін маңызды құрал. Аудит тексеру барысында шыққан кемшіліктерді кетіру мақсатында аудиторлық мекемелермен қолданылған шаралар, аудит сапасының көтерілуіне ықпал етуі мүмкін. Белгілі бір кезеңде аудит тексерудің маңызды нәтижелерін белгілеп, стандарт орнататын ұйымдарға беру қажет.

126. Аудит тексерудің нәтижелері көбіне жарияланады. Аудит тексерудің нәтижесін жариялау қызығушы жақтардың аудит сапасының сұрақтары бойынша хабардар болуын жоғарлатады.
127. Тиімді тәртіпті шаралар қолданылатын стандарттарды аудиторлық мекемелермен ұстануға ықпал ететін ғана емес, сонымен қатар, басқа қызығушы жақтарға аудит сапасына деген сенімділік береді. Тәртіпті функцияларды зерттеуге және орындауға жауап беретін тұлғалардың тәртіпті шаралары тиімді болуы үшін, өзінің жұмысын орындауда анық және жеткілікті ресурстар болуы қажет.

5.8 Сот ісін жүргізу ортасы

128. Аудит жүргізу барысындағы тікелей шығындардан бөлек, аудиторлық мекемеден тиісті түрде емес аудит жүргізу нәтижесінде туындаған, сотқа жүгінген жақтың шығындарын өтеуге тура келуі мүмкін. Аудит сапасына соттық талқылаулардың және оның ықпал ету қаупі нақты елге байланысты.
129. Кейбіреулер соттық талқылаулардың қаупі аудит сапасының көтерілуіне ықпал етуі мүмкін деп санайды, себебі ол аудиторды тиісті түрде жүргізілмеген аудит мүмкіншілігін қысқартуға мәжбүрлейді. Басқалар соттық талқылаулардың қаупі аудит сапасына жағымсыз әсер етуі мүмкін деп санайды, ол аудиторлық қауіпті жоюға инновациялық тәсіл іздеп емес, «ресми» әдіске ықпал етеді, және де дарынды мамандардың аудитор кәсібін таңдаудан немесе сақтаудан алшақтатады.

5.9 Талантты тарту

130. Аудит дұрыс тұжырымды қолдануды, ақылдың ұшқырлығы болуын, және де бизнес, қаржылық есептеме және аудит саласындағы маңызды көлемде арнайы білімді талап ететін, интеллектуалды қызметтің қиын түрі. Бірақ арнайы білім мекемелері аудиторларға барлық қажетті білімдерді беруге талпынады, оқудың тиімділігіне алаңсыз студенттердің ынтасы әсер ететін болады.
131. Көптеген елдерде жаңа бастаушы аудиторлар қатары негізінде мамандық ретінде бухгалтерлік есеп және әскерлік әкімшілік таңдаған университет түлектерімен толықтырылууда. Университеттегі оқу оларға қажетті біліммен қоса тиісті әдеп бағдарын да береді.

132. Аудит сапасын қамтамасыз етуде аудиторлар секілді лайықты мамандарды жалдау маңызды. Әлеуетті жұмыскерлерді бухгалтер мамандығының аса қызықтырарлық мінездемесі жөнінде ертерек хабарлау қажет. Алайда әртүрлі елде аудитор мамандығы әртүрлі қызығушылық деңгейі бар, себебі, оған мамандықтың беделі және атақтығы, және де белгілі мадақтаудың ұқсас деңгейі және еңбек өтілінің жиі болуы туралы ұсыну секілді дәйектер ықпал етеді. Қажетті мамандандырылған жұмыскерлерді лайықты үміткер таңдауымен жетіспеушіліктер туындайтын жағдайда қиындықтар болуы мүмкін.

5.10 Қаржылық Есептемені Дайындау Уақыты

133. Аудит аяқталуы болуы керек уақыты қаржылық есептемені дайындау жүйесіне, және қаржылық есептемені басшылықпен және Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен бекітілетін тәсілген әсер етуі мүмкін. Көптеген құзыреттерде есептемені қысқарған уақытта дайындау тәртібі аудитордың есептемені дайындау кезеңі аяқталған кейін, дәйекті операцияларды орындау мүмкіншілігін шектетеді. Осыған байланысты аудиторлар үшін ішкі тексеру жүйелеріне сенуге, және аудиторлық шараларды кезең аяқталғанша орындауға қажеттілігі артады.

134. Қаржылық есептемені дайындау уақытына құнды қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілген мекемелердің ерте кезеңде пайда бойынша жобаларды немесе қызметінің болжамды нәтижелерін анықтау әсер етеді. Кейбір құзыреттерде мұндай ақпаратты ашу алдында оны аудитормен келісу немесе онымен аудитор белгілі бір әрекеттерді орындау қажет. Мұндай жағдайдың артықшылығы аудитор ақпарат анықтамас бұрын қаржылық нәтижелерді тексере алады, бірақ осы үшін уақыты одан бетер қысқарады.

135. Есептемені дайындау уақыты құнды қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілген мекемелерге қарағанда, кіші мекемелердің аудиті жағдайында аз қатаң болады, ол өз кезегінде аудиторға есепті кезеңнен кейін болған оқиғалар мен операциялар нәтижесінде алынған дәлелдемелерді қолдануға мүмкіншілік береді. Онымен қоса, кіші мекемелер аса сирек аудит біткенге дейін пайда бойынша жобаларды хабарлайды. Алайда, кіші мекемелер банктерге және басқа капитал жеткізушілерге аудитормен тексерілмеген жылдық, айлық немесе кварталдық қаржылық есептемені жиі ұсынып тұрады.

Аудит Сапасын Анықтаудың Қиындықтары

1. «Аудит сапасы» термині жиі қызығушы жақтардың талқылауларында, реттеуші органдардың хаттарында, стандарт орнататын органдарда, аудиторлық және басқа мекемелерде, зерттеулер жүргізуде және саясат құруда қолданылады. Аудит сапасы қиын түсінік, және қазіргі таңда жалпыға ортақ болатын нақты анықтамасы жоқ.
2. Аудиттің мақсаты қаржылық есептемедегі жобаланушы қолданушылардың сенімділік деңгейін көтеру. Бұл қаржылық есептеме барлық елеулі жақтарынан қолданылатын қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасына сәйкес дайындалған ба туралы пікір айту мақсатында, аудиторлармен жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер жинау есебінде жеткізіледі. Көбіне бұл пікір қаржылық есептеме кезең соңына мекеменің қаржылық жағдайы, және де қолданылатын қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасына сәйкес кезең жағдайына оның нәтижелері және ақшалай ағымы жөнінде «барлық елеулі жақтарынан сенімді көрсетеді» немесе «шынайы және сенімді көрініс беретін» ақпараттан тұрады.
3. Алайда ұлттық заңдар және бухгалтерлік есеп стандарттарында «сенімді ұсыну» талаптары болады, қаржылық есептемені дайындау жүйесінің көптеген жақтары, және тиісінше, қаржылық есептеменің аудиті кәсіби тұжырымды қолдануды аңғартады.
4. Аудит стандарттары аудит сапасын қамтамасыз ететін маңызды негіз болып табылады. Осылай ХАКСБ дайындалған ХАС аудитордың мақсатын¹ және минималды талаптарды орнатады. Алайда, ХАС

¹ 200 ХАС, *Тәуелсіз Аудитордың Жалпы Міндеті Және Аудиттің Халықаралық Стандарттарына Сәй Аудит Жүргізу* 11 тармақты қараңыз:

Қаржылық есептеменің аудитін жүргізу барысында аудитордың алдында келесідей негізгі мақсаттар тұрады:

- (a) қаржылық есептеме алаяқтық әрекеттер немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалаулары жоқ туралы саналы сенімділік алу, ол аудиторға қаржылық есептеме қолданылатын қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасына сәйкес барлық елеулі жақтарында дайындалдағы жөнінде пікір қадыптастыруға көмектеседі; және
- (b) Қаржылық есептеме жөнінде қорытынды ұсыну және ХАС сәйкес аудитордың назарын аударған сұрақтарды тиісті тұлғаларға жеткізу.

болатын көптеген талаптар, не аудит барысында тұжырымның қалыптасуына негіз қалайды, не олардың тиісті қолдануы үшін кәсіби тұжырымға мұқтаж болады.

5. Сол себепті аудит, құраушы тұлғалар өздерінің тәжірибесіне сүйене отырып және шыншылдық қағидаларын, нысандылық және кәсіби скептицизмді ұстана отырып, тапсырманың дәйектілігімен және жағдайларымен бағаланатын тиісті кәсіби тұжырымдарды құру мүмкіндігі бар қызметтің түрі. Бұдан басқа, аудиторға қаржылық есептемеге қажетті өзгерістерді енгізуді қамтамасыз ету үшін, табандылық және қажырлылық секілді сапалар маңызды, ал мұндай өзгерістер кірмейтін жағдайларда, тиісті ескертпенің аудиторлық қорытындысына қосылады.
6. Қаржылық есептеменің жеке жақтары тұжырымдаманың тақырыбы болғаннан басқа, аудит сапасын сипаттауды және бағалауды қиындататын бірнеше дәйектер бар:
 - Аудит жүргізілген қаржылық есептемедегі елеулі бұрмалау болуы немесе болмауы аудит сапасы жөнінде тек аз ғана көрініс береді.
 - Барлық аудиторлық тапсырмалар әртүрлі, және аудитордың пікірін растау үшін қандай аудиторлық дәлелдеме жеткілікті және тиісті болатыны бір жағынан талқылау мәні.
 - Әртүрлі қызығушы жақтардың аудит сапасы жөнінде әртүрлі көріністері бар.
 - Орындалған жұмыс және аудит нәтижесі жөнінде шектелген ақпарат қол жетімді.

Аудит Жүргізілген Қаржылық Есептемеде Елеулі Бұрмалаудың Болуы немесе Болмауы Аудит Сапасы Жөнінде Аз Ғана Көрініс Береді

7. Аудит мақсатын ескере отырып, қаржылық есептемеде аудит барысында табылмаған елеулі бұрмалаудың болуы, аудиттің тиісті жүргізілмегенін көрсетуі мүмкін. Алайда, қаржылық есептемеде елеулі бұрмалаудың жоқ болуы аудит сапасының жалғыз өлшемі болып табыла алмайды, себебі, қаржылық есептеме тіпті ешқандай табуға мүмкін емес елеулі бұрмалауы болмауыда мүмкін еді.
8. Аудит жүргізілген қаржылық есептемедегі табылмаған елеулі бұрмалаулардың болған күннің өзінде аудиттің төменгі сапасы жөнінде міндетті түрде куәләндірмейді, себебі, аудит қаржылық есептеме елеулі бұрмалаулар жоқ екеніне абсолютті сенімділікті емес, саналықты қамтамасыз етуге шақырылған. Абсолютті және саналы сенімділіктің арасындағы айырмашылық, себептің күшімен, келісудің және шыншыл емес мәліметтерді ұсынуы әдейі жасырынған, бұрмалау

алаяқтық әрекеттердің нәтижесі болатын бұрмалау жағдайында ғана маңызды.

9. Аудиттің моделі аудитке лайық бөлінбейтін шектеулерді көрсетеді, және абсолютті емес, саналық сенімділікті қамтамасыз етуге арналған, ал бұл табылмаған елеулі бұрмалаудың бар болуы туралы айтады. Егер елеулі бұрмалаулар аудит барысында анықталмаған болса, салдарынан анықталатын болады, мүмкін олардың аудит ортақ моделі үшін бе немесе келтірілген аудиттің нақты дәйектер сапасының кемшіліктері үшін бе екенін, яғни неден анықталмағанын анықтау қиын болуы мүмкін.
10. «Жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер» және «саналы түрде сенімділік» концептуалды түрде өте тығыз байланысты. Бұл түсініктердің біреуіне де дәл нақты анықтама беру мүмкін емес, бірақ екеуінде қолданылатын стандарттар және қалыптасқан тәжірибе контекстінде ескеру қажет.

Барлық аудиторлық тапсырмалар әртүрлі, және аудитордың пікірін нақтылау үшін қандай аудиторлық дәлелдемелер жеткілікті және тиісті болатыны жөнінде сұрақ, бір жағынан талқылаудың тақырыбы болады

11. Екі бірдей мекеме болмайды, сол себепті аудиторлық шаралар және қажетті тұжырымдар әлбетте ерекшеленетін болады. Тиісінше, «жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелерге» не жататыны жөнінде сұрақ, бір жағынан көлемін, мінезін және мекеменің қиындық деңгейін, өзінің қызметін жүргізетін саласын және нормативтік-құқықтық ортасын, және де басшылықпен дайындалған қаржылық есептемесіндегі елеулі бұрмалау болу қаупін аудитормен бағалауды көрсететін, кәсіби тұжырымның тақырыбы болады.
12. Аудиторлық мекемелер ереже бойынша коммерциялық болады, оның үстіне аудиторлық мекеменің табыстылығы әдетте, көрсетілген аудиторлық қызметтен алынған төлем ақысы мен жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер жинау барысында кеткен шығын арасындағы қатынасқа байланысты. Бұл үшінші жақта аудиторлық стандарттар және әдеп талаптарының қолданылуына қарамастан, аудиторлық мекемелер қысқа мерзімде орындалатын жұмыстың шектеулі көлемінде қызығушылығы болуы мүмкін екеніне, онымен қоса аудиторлық мекеменің даңқын қорғап қалуға және реттеуші органдар жағынан соттық шағымдар мен жағымсыз шаралардан аулақ болу үшін, ұзақ мерзімде аудиттің жоғары сапасын ұстау қажеттігіне күмән туындауы мүмкін. Бұдан басқа, мемлекеттік сектордағы аудиторлық мекемелер коммерциялық мекемелер болмағанымен, бюджеттік шектеулер оларға орындалатын жұмыстың тиісті көлемін қамтамасыз ету көз қарасынан, қосымша қиындықтар туындатуы мүмкін деген мемлекеттік сектор жағынан байқауға болады.

Аудит сапасында әртүрлі қызығушы жақтардың әртүрлі көзқарастары бар

13. Аудит сапасы жөнінде әртүрлі қызығушы жақтар әртүрлі көз қарастары бар. Бұл дәйек өз алдына таң қаларлық емес, себебі олардың аудитке қатысты аудитке қатыса алу және ақпаратқа қол жетімділік деңгейі қатты ерекшеленеді, оның үстіне аудит құндылығына әртүрлі қызығушы жақтар әртүрлі мағына береді.
14. Құнды қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілген мекемелерде қызығушы жақтардың аудитке қатысты, барлығына ортақ мәліметке жеткізілген ақпаратқа қана рұқсаттары бар. Басқа мекемелерде қызығушы жақтардың көбіне аудиторларға тікелей рұқсаттары болуы мүмкін, және олардың аудит сапасы жөнінде ұсыныстарына әсер ететін, ресми де, ресми емес те ақпараттық мәлімдемелерді алуына болады.
15. Қаржылық есептеменің кейбір қолданушылары аудиттің жоғарғы сапасы аса көп аудиторлық дәлелдемелер алуға және басшылық алдында көптеген сұрақтар қоюға алып келеді деп санайды. Егер аудит сапасын тек осы көз қарастан қарастыратын болсақ, онда аудит сапасы соншалықты жоғары болады, қаншалықты аудитқа көп ресурстар (сапалық және сандық мағынада) бөлінетін болса.
16. Басшылық аудитқа жұмсалған шығынның шектеуіне, қысқа мерзімде аудитті аяқтауға және мекеменің ағымдық қызметіне араласуды азайтуға қызығушылық танытуы мүмкін. Егер аудит сапасын бұл көз қарастан қарастыратын болсақ, басшылық аудитқа бөлінетін ресурстарды өте аз мөлшерге әкелуді ұсынуы мүмкін.
17. Егер бұл екі әртүрлі көз қарасты біріктірсе, онда сапалы аудит бұл тиімді, уақытылы және саналы ақыға орындалатын нәтижелі аудит. Алайда, «нәтижелі», «тиімді», «уақытылы» және «саналы» сөздер талқылаудың нақтылығын сипаттайды. Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларда, аудит бойынша комитеттерді қосқанда, бұндай сұрақтарды қарастыруда жиі қажетті мүмкіндіктер бар. Осы себеппен көптеген елдерде аудит бойынша комитеттердің міндеттеріне аудит сапасын бағалау және таңдалған аудиторды және аудиторлық қызметтің бағасын нақтылау (не болмаса нақтылауға ұсыныс) кіреді.

Орындалған жұмыс және аудит нәтижелері жөнінде шектеулі ақпарат қол жетімді

18. Көптеген қызмет олар орындалатын тұлғаларға салыстырмалы ашық болып келеді, және қолданушылар тікелей оның сапасын бағалай алады. Алайда, мекеменің акционерлерін, құнды қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілгендерді немесе кез келген мекеме үшін қаржыландырылатын өнім берушілерді қоса алғанда, көптеген қызығушы тұлғалар тәртіп бойынша аудит барысында орындалған

жұмыс, сонымен қатар табылған және шешілген мәселе жөнінде толық ақпараттары жоқ. Сол себепті, аудит жүргізілетін мекемеден алшақ орналасқан қаржылық есептеменің қолданушылары, көбіне аудит сапасын тікелей бағалай алмайды.

19. Аудитордың жұмысы және оның ескертпелері жөнінде ақпарат аудитордың қорытындысында немесе есебінде ұсынылуы мүмкін. Алайда, көптеген аудиторлық қорытынды және есептер стандартталған қалыптары бар, және оларда әдетте аудитордың жұмысы және оның ескертпелері жөнінде ақпарат келтірілмейді, аудитор түрлендірілген пікір айтатын, біріңғай емес жағдайлардан басқа.
20. Аудитордың қорытындысы мен есептемесіне, ХАКСБ көбірек ақпарат енгізу керек емес па туралы сұрақпен қолданушылар жүгінген болатын, бұл өтінімдерге жауап ретінде ХАКСБ аудиторлық қорытындының құрылымына, тұжырымына және мазмұнына өзгерістер енгізуді ұсынды, оның үстіне құнды қағаздары ұйымдастырылған саудаға жіберілген мекемелердің аудиті үшін, қорытындыға Аудиттің Маңызды Сұрақтарын қосу ұсынылды. ХАКСБ аудиторлық қорытындының өзгерістері және әсіресе, оған аудиттің маңызды сұрақтарын қосу, қаржылық есептеменің қолданушыларына аудит барысында аудитордың кәсіби көз қарасынан аса көп мағынаға ие болған сұрақтарды жақсырақ түсінуге мүмкіншілігі болатын, пайдалы ақпарат береді деп сенеді.
21. ХАКСБ аудиторлық есептемеге және қорытындыға өзгерістерді енгізу бағдарламасы, қолданушыларға аудит сапасы жөнінде жақсырақ көріністі алуға көмектеседі деп сенеді, әсіресе бұл сұрақты аудитормен немесе аудит бойынша комитетпен қосымша талқылауға мүмкіндік бар болған жағдайда. Алайда ХАКСБ мұндай қосымша ақпарат шарасыз салыстырмалы түрде, аудиторға мәлім және аудит сапасы жақсы бағалау үшін қажет болуы мүмкін, жалпы көлемдегі ақпараттың бір бөлігін көрсететін болады деп мойындайды.

Қосымша 2

Кіріс және технологиялық факторлардың сапа атрибуттары

1. Бұл Қосымшада сапа ерекшеліктерінің бастапқы параметрлермен байланысты қосымша сипаттамалары, және де үрдіс параметрлері келтіріледі. Бұл Қосымшада сапа ерекшеліктері аудит тапсырмалары, аудиторлық мекеме және мемлекет (немесе құзыреттің) деңгейінде қолданылады деп көрсетілген.

Бастапқы Факторлар**1.1 Құндылықтар, Әдептік және Тәсілдер – Тапсырма Деңгейі****2. Маңызды ерекшеліктер:**

- Аудиторлық топ аудит кең көлемдегі қоғам үшін дайындалатынын мойындайды, және әдеп талаптарын сақтау қаншалықты маңызды екенін түсінеді.
- Аудиторлық топ нақтылық және шыншылдық танытады.
- Аудиторлық топ тәуелсіз.
- Аудиторлық топ кәсіби біліктілік және тиісті ұқыптылық танытуда.
- Аудиторлық топ кәсіби скептицизм сақтайды.

2.1.1 Аудиторлық топ аудит кең көлемді қоғам үшін дайындалатынын мойындайды, және әдеп талаптарын сақтау қаншалықты маңызды екенін түсінеді

3. Аудиторлық топ мекемеге қатысы бар қызығушы жақтардың және кең көлемді қоғамның назары үшін аудит жүргізуге бағытталған. Қоғам назарының мінезі мен деңгейі, мүмкін мекеменің мінезіне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Алайда кез келген мекеменің аудитін жүргізу кезінде аудиторлық топ тиісті деңгейде басшылықты қарату қажет, өзінің көз қарасын сенімді білдіру керек және тиісті қорытынды жасауға дейін мәліметтермен жұмысты аяқтауы қажет.

3.1.1 Аудиторлық топ нақтылық және шыншылдық танытуда

4. Нақтылық тәртібі аудиторларды біржақтылық, қызығушылық келіспеушіліктері немесе басқа тұлғалардың тиісті емес әсер етуі

салдарынан, өзінің кәсіби немесе іскерлік тұжырымдамасын баспауға міндеттейді.¹

5. Әдетте, аудиторлар нақтылау болу керек, себебі қаржылық есептемені дайындаумен қатысты көптеген маңызды ерекшеліктер, тұжырымдама қолдануды болжайды. Белгілікпен тек көп емес сандық орындар өлшене алады, оның үстіне көптеген орындар бағалауды және тиісінше, тұжырым қолдануды болжайды. Аудиторлар басшылықтың біржақтылығының салдарынан қаржылық есептеменің әдейі немесе абайсыз елеулі бұрмалау қаупін азайту мақсатында, басшылықтың тұжырымдамасын бағалау кезінде нақтылық көрсету қажет.
6. Шыншылдық бұл қоғамдық қызығуда әрекет ететін барлық тұлғаларда болуы қажет қасиет. Аудиторлық топ шын әрекет жасағаны және бұл сырттан көрінуі, ал бұл үшін тек адал болып қоймай, көптеген қосалқы қасиеттерге ие болуы маңызды.

6.1.1 Аудиторлық топ тәуелсіз

7. Тәуелсіздік аудиторлық топтың жеке мүшелерін қорғау немесе аудиторлық мекемелерге олардың кәсіби тұжырымдамасына бұрыс әсер ететін әсерінен қорғау үшін қажет, бұдан басқа, тәуелсіздік оларға шын әрекет етуге, нақтылық көрсетуге және кәсіби скептицизм сақтауға көмектеседі. Бұл сонымен қатар, аудиторлық мекеменің немесе аудиторлық топтың адалдығы, нақтылығы немесе кәсіби скептицизмі бұзылғандығы жөнінде саналы және жақсы ақпараттандырылған үшінші жақ ойлауы мүмкін, осындай маңызды дәйектер немесе жағдайларға жол бермеу үшін қажет.
8. Аудитордың тәуелсіздігіне келесілер қауіп төндіруі мүмкін:
 - Аудитор мен аудиторлық мекеме арасында болатын қаржылық қызығушылық. Аудит жүргізілетін тұлғада қаржылық қызығушылықтың болуы жеке қызығушылыққа қауіп төндіреді.
 - Аудитор мен аудиторлық мекеме арасындағы іскерлік қатынастар. Аудит жүргізілетін мекеме мен аудиторлық мекеме арасындағы не болмаса аудиторлық топтың мүшесі немесе оның жақын туыстары арасындағы іскерлік тығыз қатынастар жеке қызығушылыққа немесе қорқыту қаупіне алып келуі мүмкін.
 - Аудит жүргізілетін тұлғаларға аудиттен басқа қызметтер көрсету. Әдетінше аудиторлық мекемелер аудит жүргізілетін тұлғаларға

¹ Кәсіби Бухгалтерлер Әдеп Кодексі (БХӘСК Кодексі) шығарылған Кәсіби Бухгалтерлердің Әдеп Кодексі, тармақ 120.1

оларда бар білім мен біліктіліктеріне сәйкес, толық бір аудиторлық емес қызмет түрлерін көрсетеді деп қалыптасқан. Алайда, аудиторлық емес қызметтерді көрсету тәуелсіздікті бұзу қаупіне әкелуі мүмкін. Көп жағдайда бұл өзін өзі бақылау, жеке қызығушылық және жақтасу қаупіне алып келеді.

- Әріптестер және қызметкерлер олардың сыйақысы және тіпті аудиторлық мекемеде жұмыстарын жалғастыруы, жақын таныстық немесе жеке қызығушылық қаупін туғызатын, аудит жүргізілетін клиентті сақтап қалуға байланысты деп ойлауы мүмкін.
 - Бұрынғы аудиторлық топтың мүшесі немесе аудиторлық мекеменің әріптесі аудиторлық мекемеде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептеме мәліметтерін дайындауға маңызды ықпал етуге мүмкіндік беретін қызметте жұмыс жасай бастаған жағдайлар. Көбіне бұның бәрі жақын таныстық, жеке қызығушылық және қорқыту қаупін туындауына алып келеді.
9. Жақын таныстық қаупіне сонымен қатар аудиторлық тапсырманы орындауға ұзақ уақыт мерзімінде бір ғана жетекшіліктегі құраманы шақыру жағдайында туындауы мүмкін. Алайда, мекеме және оның шаруашылық қызметі жөнінде бұрын жиналған білімдер, мүмкін аудит сапасына жақсы әсер етуі мүмкін, себебі бұл аудитормен тәуекелділікті жақсы бағалауға және онымен дұрыс жауапты шараларды қабылдауға ықпал ететін болады. Бұл сонымен қатар, тиімділіктің жоғарылауына және мекеменің шаруашылық қызметінің жеке бөлімдерін тиімділеу бойынша жоғары құндылықтың ұсыныстарына әкелуі мүмкін.
10. Аудит сапасы үшін өкілетті пайданы мекеме мен оның қызметі жөнінде жетекші құраманың жақсы хабардар болуы ұзақ жылдар бойы аудитке қатысудың нәтижесінде пайда болуы мүмкін тәуелсіз аудитор үшін қауіптермен салыстыру қажет. Бұл қауіпті түсіру мақсатында БХӘСК Кодексі әлеуметтік маңызды мекемелердің аудит бойынша елеулі серіктестері жеті жыл сайын өзгеруін (ротацияға ұшырап тұруын) талап етеді, ал кейбір елдерде әдептік немесе нормативті-құқықтақ талаптар аса қысқа ротация мерзімін орнатады. Тәуелсіз аудитор жөнінде көрініс жақсарды деген пікір бар, егер аудит жетекшілерінің ротациясынан басқа, аудиторлық мекеменің өзі де уақыт келе өзгертін болса. Басқалар бір ғана аудиторлық мекемені сақтап қалу, мүмкін аудиторларға мекеменің қызметі мен жүйесін жақсы түсінуге көмектеседі және қаржылық есептеменің елеулі бұрмалау қаупін түсіру бойынша аса тиімді шараларын қабылдауға ықпал етеді деп санайды.
11. Қауіп талдау және алдын алу шаралары бірдей түрде мемлекеттік және жеке сектордағы мекемелерде аудит жүргізу кезінде тәуелсіздік анықтауда маңызды. Алайда, әлеуетті қауіптердің кейбір түрлері

ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, мемлекеттік сектор мекемелерінің аудиторлары үшін олар аудит жүргізетін мекемелерде тікелей қаржылық қызығушылық болу мүмкіндігі аз.

12. Аудитор көбіне мекеменің бизнес және салық салу сұрақтары бойынша құнды кеңес берушісі ретінде жиі қарастырылады, және оған жиі басшылықпен тікелей тіл қатысуға тура келеді, ол өз кезегінде оның мекеменің шаруашылық қызметі жайлы жақсы хабардар болуына алып келеді. Бұл аудиторға клиент мекемесінде қаржылық есептеме дайындауда да, және осы мекемелер жұмыс жасайтын сала туралы да жақсы білім береді, бірақ бұл білімдер аудитордың тәуелсіздігіне қауіп ретінде де қаралуы мүмкін.

12.1.1 Аудиторлық топ кәсіби біліктілік пен тиісті ұқыптылық көрсетеді

13. Кәсіби біліктілік пен тиісті ұқыптылық көрсету талаптары аудиторлық топтың барлық мүшелеріне жайылады және келесілерді аңғартады:
 - Кәсіби білім мен біліктілікті тиісті деңгейде алу және ұстау;
 - Өзінің міндеттерін ұқыпты, зейінділік және уақытылы орындау; және
 - Техникалық және кәсіби стандарттармен сәйкес өзінің міндеттерін адалдықпен орындау.

13.1.1 Аудиторлық топ кәсіби скептицизм сақтайды

14. Кәсіби скептицизм бұл мекемені, оның қызметін және өзі жұмыс жасайтын айналасын тиісті түсіну мақсатымен сұрақтарды қою ептілігін болжайтын жұмысқа деген әдіс. Бұл түсінік бизнес саласындағы ортақ білімдер мен тәжірибелі жұмыспен қоса, аудиторға мекеменің қаржылық есептемесіндегі елеулі бұрмалау қауіпін бағалауға, жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелерді бағалауға, қажетті қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.
15. Кәсіби скептицизм аудит жоспарлау және жүргізуге қатысты аудитордың кәсіби тұжырымдамасының маңызды бөлігі, және де оның нәтижелерінің бағасы. Егер аудиторлар басшылықпен қолданылған (басшылық маманға жүгінген жағдаймен қоса) алғышарттарды күмәнға қоюға дайын болмаса, олар адал емес қызметтерге қатысты тартып тұратын факторлар рөлін орындамайды, және қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасымен сәйкес мекеменің қаржылық есептемесі дұрыс ұсынылғаны жөнінде сенімді қорытынды жасай алмайды.
16. Кәсіби скептицизмді сақтау талаптары аудиторлық топты барлық мүшелеріне тарайды және келесілерді көрсетеді:
 - Талапты ақыл және басшылықпен қолданылған алғышарттарды күмәнға қою дайындығы;

- Өзінің жұмысын орындау барысында алынған, ақпаратты сынап бағалау және түсіндіру;
- Қаржылық есептемені мүмкін болар бұрмалауда басшылықтың қызығушылығын түсінуге ұмтылу;
- Қасақана еместік;
- Аудиторлық топтың басқа мүшелерінің тұжырымын сынап бағалау;
- Басшылықтың қызметін жіне шешімін күмәнға келтіруге дайындық және өзінің жұмысын тиісті қорытынды құрауға дейін жігерлілік; және
- Басқа алынған дәлелдемелерге сәйкес келмейтін немесе құжаттардың сенімділігіне және сауалдардың жауаптарына күмән қоятын дәлелдемелерге аса жоғары назар.

1.2 Құндылықтар, Әдептік Қағидалар және Тәсілдер – Аудиторлық Мекеменің Деңгейі

17. Маңызды ерекшеліктер:

- Басшылықты «тиісті орнын» құрайтын және аудиторлық мекеменің тәуелсіз қорғауына бағытталған корпоративті басқару жүйесінің болуы.
- Аудит сапасын қамтамасыз етуге бағытталған, бағалау және марапаттау жүйесі арқылы белгілі бір жеке тұлғалық мінездемені мадақтау.
- Аудит сапасына теріс көріне алатын, шешім қабылдауда және әрекет жасауда қаржылық көріністер ықпалының жоқтығы.
- Аудиторлық мекемемен әріптестер және қызметкерлерге үзіліссіз кәсіби даму мүмкіндігін туғызудың және аудиттің техникалық сұрақтары бойынша жоғары сапалы қолдауға қол жеткізудің маңыздылығын түсінуі.
- Аудиторлық мекемеде қиын сұрақтар бойынша кеңес беруді марапаттау.
- Тиімді қабылдау жүйесінің болуы және тапсырыс берушімен қарым қатынасты жалғастыру.

1.2.1 Басшылықтың тиісті орнын құрайтын және аудиторлық мекеменің тәуелсіз қорғауына бағытталған корпоративті басқару жүйесінің болуы

18. Аудиторлық мекемеде аудитті әлеуметтік қызығушылыққа қызмет жасау бағыттылығын қорғайтын, және аудит сапасына аудиторлық мекеменің

коммерциялық қызығушылығын теріс әсер етуінен қашуға мүмкіндік беретін, сенімді ішкі корпоративті басқару жүйесінің болуы маңызды, мысалы, басқа қызметтерінің (салық салу, корпоративті қаржы және консалтинг секілді) бағытын тиісті емес жүргізу арқылы аудит сапасына зақым келтіру.

19. Аудиторлық мекеменің басшысы әлеуметтік қызығушылық үшін аудиттің мағынасы және осы қатынаста аудит сапасының маңыздылығы білінетін, мәдениеттің қалыптасуында, сонымен қоса аудиторлық мекеменің нақтылығын және тәуелсіздігін күмәнға келтіруі мүмкін жағдайлардан қашу қажеттігі маңызды рөл ойнайды. Күтілетін әрекет нұсқалары жөнінде әрдайым хабардар ету, аудиторлық мекемеде көбіне аудиторларға жайылатын әдептік талаптардың негізіне жататын қағидаларды сақтау мадактанатын, біркелкі ортаны қалыптастырады.
20. Жекеменшік аудиторлар олардың мекемелерінде қалыптасатын тікелей мәдениетті қадағалайды, ал Кіші және Орта мекемелерде (КОМ) көп емес көлемдегі әріптестер, мысалға корпоративті басқару жүйесі, кеңес беру және мониторинг бойынша шаралар секілді бастапқы параметрлерге тікелей ықпал етеді. Жағдайға байланысты бұл не абырой не кішігірім аудиторлық мекеме ортасының кемшілігі секілді бағалануы мүмкін.

1.2.2 Аудит сапасын қамтамасыз етуге бағытталған, белгілі бір жеке қасиеттік мінездемені бағалау және сыйақы жүйесі арқылы мадақтау

21. Бағалау жүйесі және сыйақы қажетті жеке қасиеттік мінездің және әрекет қағидаларының қалыптасуына және дамуына ықпал етуі мүмкін, адылдық, нақтылық, кәсіби біліктілік және тиісті анықтылықты қосқан кезде. Бұл осы мінездерді қызметкерлерді таңдауда, қызметін көтеруде және сыйақы төлеу жүйелері кезінде, және де тиісті кәсіби қасиетті дамыту тұжырымдамасын қолдану арқылы оқыту бағдарламасында ескерілетін, талаптардың тізіміне қосуды қарастырады.
22. Кәсіби қасиеттерді дамыту тұжырымдамасы ХБС біліктілік саласын ескере отырып жасалады, себебі бұл әртүрлі аудиторлық мекемелермен қолданылатын тұжырымдаманың тепе теңдігіне ықпал етер еді.
23. Аудиторлық мекеме өзінің әріптестері мен қызметкерлерінің кәсіби қасиеттерін аудит сапасын қамтамасыз ету мақсатымен жасалған тұжырымдамаға сәйкестігін жиі бағалайды. Бұл аудиторлық мекемелерге әріптестер мен қызметкерлер аудит бойынша қатаң жағдайлары үшін жазаланбайды деп кепілдік береді, тіпті егер бұл клиентпен қарым қатынасты қауіпке қоятын болса да. Жасалған қорытындылар қызмет көтеру мен сыйақы төлеу бойынша қабылданатын негізделген шешімдер үшін қолданылады; және де әріптестер немесе қызметкерлердің жұмыстарының нәтижесі күтілетін

стандарттарға жауап бермеген жағдайларда аудиторлық мекемелермен қабылдануы мүмкін басқа да әрекеттер.

1.2.3 Шешім қабылдаған және әрекет жасаған кездегі аудит сапасына кері әсер ықпал етуі мүмкін, қаржылық жақтың әсері жоқтығы

24. Аудиторлық мекеме деңгейінде де (мысалы, аудит рентабелдігіне қол жеткізу үшін мекеменің өзінің алдына қоятын қаржылық мақсат, және де оқуға инвестиция жұмсауға дайындығы және аудит үшін қосымша жүйе) және тапсырма деңгейінде де қаржылық ықпал (мысалы аудиторлық қызмет төлемі мен жұмысты орындауға шығын арасындағы қатынас) әлеуметтік қызығушылыққа жауап беретін сенімді аудит жүргізуге бөгет жасамауы қажет.

25. Бұдан басқа, аудит сапасына шығынсыз келесілерді жасамаған дұрыс:

- Аудиторлық тапсырма алуға және аудиторлық клиенттерді сақтауға ұмтылу, әсіресе өте төмен бағадағы қызмет арқылы;
- Аудиторлық мекеме аудит жүргізетін мекемелерге аудиторлық емес қызметтерді белсенді түрде ұсынбау; немесе
- Шығындарды қысқарту (сонымен қоса, әріптестер мен қызметкерлерді қысқарту арқылы) аудит саласында (мысалы, экономикалық құлдырау кезінде).

1.2.4 Әріптестер мен қызметкерлер үшін үзіліссіз кәсіби дамудың мүмкіндігін жасау және аудиттің техникалық сұрақтары бойынша жоғарғы ықпалға қол жеткізу маңызды екендігін түсінуі

26. Аудит жүргізу үшін толық бір арнайы сұрақтар, оған қоса, қаржылық есептеменің, аудит және әдеп стандарттарын, және де корпоративті және салық құқықтары саласында заңдар мен нормативті актілер бойынша білім қажет. Аудиторлық мекемелерге әріптестер мен қызметкерлердің осы салалардағы соңғы өзгерістер туралы хабардар болуы және оларға қиын сұрақтар бойынша ықпал етуде техникалық қолдаудың бар болуы маңызды.

27. Аудит сапасы көтеріледі, егер аудиторлық мекемелерге аудиторлық тұжырымдарды негіздеуге мүмкіндік беретін, ақпараттық инфраструктура құрылатын болса (мысалы, нақты қызмет аясы және салаға қатысты мәліметтер базасын құру арқылы), тәуелсіздікпен байланысты мәселелерді анықтау және тиісті түрде шешетін болса, және де аудиторлық тапсырмалар бойынша әріптестердің айналымын жоспарлайтын және тиімді жүзеге асыратын болса.

28. Аудиторлық мекеменің көлемі және оларға қол жетімді техникалық демеу айрықша ерекшеленуі мүмкін. Салыстырмалы түрде қиын емес операцияларын сипаттайтын, үлкен көлемдегі емес қызметкерлері мен

клиенттік базасы бар кіші аудиторлық мекемелерге, жай саясат пен сапа тексеру шараларын жасап шығару мүмкін болып табылады. Алайда, кіші аудиторлық мекемелерде кеңес беру көз қарасынан қиындықтар туындауы мүмкін, сол себепті оларға қажетті техникалық білімдермен және тәжірибемен иемденген сырттан кеңес берушілерді шақыруға, не болмаса жергілікті кәсіби бухгалтерлер мекемесінің техникалық демеуіне жүгінуге тура келеді.

1.2.5 Қиын сұрақтар бойынша кеңес беруде аудиторлық мекемедегі марапаттау

29. Жеке аудиторларды қоса алғандағы барлық аудиторлық мекемелерде, мәдениетті қалыптастыру, кеңес беруді марапаттау маңызды. Аудит жүргізу барысында жиі қиын шешімдерді қабылдауға және қиын тұжырымдарды қалыптастыруға тура келеді. Қызметкерлер тиісті сұрақтарды аудиторлық топ мүшелерімен және аудит жетекшілерімен талқылайды. Аудит жетекшілері қиын шешімдерді және тұжырымдарды басқа әріптестермен не болмаса техникалық қызметкерлермен талқылайды, және алынған кеңестерді мұқият бағалайды. Осы жүйенің тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін, кеңес беруді марапаттау, және де осы жүйеге қатысатын тұлғаларда туындайтын мәселелерді тиісті деңгейде шешуге жеткілікті уақыттың болуын қадағалау маңызды.
30. Ішкі ресурстарды шектеу жағдайында көрсетілген тұлғалар өздерінің кәсіби бухгалтерлік мекемелеріне, олардың байланысы бар басқа да аудиторлық мекемелерге, не болмаса қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген сыртқы мекемелерге жүгіне отырып, сырттан техникалық ресурстарды қолдануы мүмкін.

1.2.6 Клиентпен қарым қатынасты қабылдау және жалғастырудың тиімді жүйенің болуы

31. Аудиторлық тапсырманы қабылдаудан бұрын, жыл сайын аудиторлық мекемелер олар тиісті тапсырманы орындай ала ма және олар осыған қажетті мүмкіндіктер мен ресурстары бар ма, соны бағалауы маңызды. Бұл аудиторлық мекеме тиісті әдеп талаптарын сақтай ала ма, соны бағалауды білдіреді.
32. Алайда аудиторлар кәсіби скептицизм сақтауы қажет, аудит жүргізу де басшылыққа деген белгілі бір сенімділік деңгейін аңғартады. Жеткілікті адал емес басшылыққа анықтамасы бойынша сенуге болмайды. Осы себеппен клиентпен қарым қатынасты қабылдау мен жалғастырудың жақсы жүйесі, сапалы аудит жүргізуге мүмкін болатын басшылық жеткілікті адал емес болатынын болжайтын ақпараттың болуын бағалайды. Тиісінше, тапсырыс берушімен қарым қатынасты қабылдау және жалғастырудың сенімді жүйесі аудиторлық мекемеге ықпалсыз және заңға қайшы әрекеттердің мүмкіндігі жоғары болатын

тапсырмалардан қашуға көмектеседі, және сол арқылы сапалы аудит жүргізетін мекеменің дәрежесін сақтап қалуда маңызды рөл атқарады.

1.3 Құндылық, Әдептік Қағидалар және Тәсілдер – Ұлттық Деңгей

33. Маңызды ерекшеліктер:

- Әдептік принциптерді анық көрсететін әдеп талаптарын орнату, және де осы не басқа жағдайда қолданылатын нақты талаптар.
- Стандарттарды орнататын реттеуші органдардың, ұлттық органдардың, және әдеп принциптерін түсіндіруге және ары қарай талаптарды қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби бухгалтерлік мекемелердің белсенді қызметі.
- Клиентпен жұмыс жасауға қатысты шешімдерді қабылдау үшін маңызды аудиторлық мекемелер арасында ақпаратпен алмасу.

1.3.1 Әдептік принциптерді анық көрсететін, әдеп талаптарын орнату, және де осы немесе басқа жағдайда қолданылатын нақты талаптар

34. Әдеп талаптары заңмен немесе басқа да нормативті актілермен болмаса кәсіби бухгалтерлік мекемелермен орнатылуы мүмкін. ХБФ өзінің мүшелерінен өздерінің құзыреттерінде БХӘСК Кодексі қабылдау және енгізу бойынша шаралар қабылдауын, және де тиісті елдердегі мекеме мүшелерінің міндеттеріне байланысты оны қолдану бойынша көмек көрсетулерін талап етеді. Кейбір елдерде БХӘСК Кодексі ұлттық талаптармен толықтырылады, оның үстіне аудиторлық мекемелер және мемлекеттік сектордағы мекемелердің аудиторлар өз таңдауларына қарай өздерінің әріптестеріне және қызметкерлеріне аса жоғары талап орнатады.
35. Әдеп талаптары барлық мүмкін жағдайларды ала алмайды. Сол себепті аудиторлар тәжірибеде қалай қолдану керек екенін түсіну үшін, талаптардың өздерін де, олардың негізінде жатқан фундаменталды қағидаларды зерттейді. Бұл қағидаларды қалай қолдануын аудиторлық мекемедегі ішкі ақпараттық қарым қатынас кезінде, қолғабыс және жұмыс орнында оқыту жүйесі кезінде, және де аса тәжірибелі қызметкерлердің жұмысымен бақылау жүйесі кезінде түсінуге болады.
36. БХӘСК Кодексі аудиторлар ұстануы қажет келесідей кәсіби әдептерді негізін қалаушы принциптерді орнатады:²

² БХӘСК Кодексі, 100.5 тармақ

- Адалдық – барлық кәсіби және іскерлік қатынастағы ашықтық және инабаттылық. Адалдық сонымен қатар ұқыптылық пен шыншылдықты аңғартады.³
 - Нақтылық – немқұрайлық қарым қатынас, мүдделер жанжалы немесе басқа тұлғалардың тиісті емес әсері салдары негізінде кәсіби және іскерлік тұжырымдардан бас тартуға жол бермеу.
 - Кәсіби орындылық және тиісті ұқыптылық – кәсіби білімдер мен біліктіліктерді клиентпен немесе жұмыс берушімен тәжірибедегі, заңдамалардағы және жұмыс тәсіліндегі соңғы өзгерістерді ескере отырып, орынды кәсіби қызметтерді алуды қамтамасыз ететін деңгейде ұстау, және де қолданылатын техникалық және кәсіби стандарттарға сәйкес өздерінің міндеттерін адал орындау .
 - Құпиялық – кәсіби және іскерлік қатынас нәтижесінде алынған құпия ақпаратты сақтау, және тиісінше мұндай кез келген ақпаратты тиісті құзыреттің болмаған жағдайда үшінші жаққа тіс жармау, егер мұндай ақпаратты заңдық немесе кәсіби құқық немесе міндет болмаса, және де мұндай ақпаратты кәсіби бухгалтердің жеке мақсатында немесе үшінші жақпен қолданылмауы.
 - Кәсіби әрекет – тиісті заңдар және нормативті актілерді сақтау және мамандықты төмендететін әрекеттерді жасамау.
37. Бұдан басқа, БХӘСК Кодексі аудитордың тәуелсіздігіне қатысты қосымша талаптары бар, және аудитормен ұстануы керек тәсілдер келесідей мақсатпен сипатталады:
- Тәуелсіздікті бұзу қаупін анықтау;
 - Қауіпті анықтаудың маңызды бағалау; және
 - Қауіпті құрту немесе оларды мүмкін болатын деңгейге дейін түсіру үшін қажетті алдын алу шаралары кезінде қабылдау.
38. БХӘСК Кодексі егер аудиторлар қауіпті жою немесе оларды шекті деңгейге түсіру үшін тиісті алдын алу шаралары болмайды немесе қабылдана алмайтын болса, кәсіби бухгалтер тиісті тәуелсіздік қаупін тудыратын жағдайларды немесе қатынасты жоюы қажет, не болмаса қабылдау кезінде аудиторлық тапсырмадан бас тартуы қажет, не болмаса аудиторлық тапсырманы орындауды доғаруы қажет⁴. Кейбір

³ БХӘСК Кодексі, 110.1 бөлімі

⁴ БХӘСК Кодексі, 290.7. тармағы. Алайда мемлекеттік сектордағы мекеме аудиторлары, ереже бойынша, аудиторлық тапсырма орындаудан бас тартуға мүмкіндіктің болмауы.

жағдайларда туындаған қауіп соншалықты маңызды болады, тіпті ешқандай алдын алу шаралары оны шекті деңгейге дейін түсіре алмайды, мұндай жағдайда аудиторға аудит жүргізуге тыйым салынады деп БХӘСК Кодексі мойындайды.

1.3.2 Стандарттарды орнататын реттеуші органдардың, ұлттық органдардың, және әдеп принциптерін түсіндіруге және ары қарай талаптарды қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби бухгалтерлік мекемелердің белсенді қызметі

39. Стандарт орнататын реттеуші органдар, ұлттық органдар, кәсіби бухгалтерлер мекемесі және басқа да тұлғалар жағынан оқыту және демеу көрсету, әдеп талаптарын және олардың негізінде жататын қағидаларды ретінше қолдануға ықпал етеді. Бұл осындай мәліметтерді жариялауды қамтуы мүмкін, жиі қойылатын сұрақтар, көрсетілімдер мен семинарларды ұйымдастыру секілді.

1.3.3 Клиентпен жұмыс жасауға қатысты шешімдерді қабылдау үшін маңызды аудиторлық мекемелер арасында ақпаратпен алмасу

40. Аудиторлық мекемелерге жаңа жұмыстың басталуын жаңа немесе жұмысты жалғастыруды бар клиентпен жалғастыру туралы шешім қабылдауға тура келеді. Егер аудиторлық мекемелерде қаржылық есептемені дайындау тәжірибесіне немесе аудит жүргізілетін клиенттің басшылығының адалдығына қатысты күмән болатын болса, олар осы тапсырыс берушімен қарым қатынас жалғастырмау туралы шешім қабылдай алады. Мұндай жағдайда аудит жүргізу тендеріне қатысуға шақырылған басқа да аудиторлық мекемелер бұл туралы хабардар болуы маңызды.

1.4 Білім, Біліктілік, Тәжірибе және Уақыт – Тапсырма Деңгейі

41. Маңызды ерекшеліктер:

- Әріптестер және қызметкерлерде қажетті кәсіби қасиеттердің болуы.
- Әріптестер және қызметкерлермен клиенттің мекемесінің қызметін түсінуі.
- Әріптестер және қызметкерлермен негізделген кәсіби тұжырымдамаларды құруы.
- Аудит жетекшісі қауіп, жобалау, бақылау және орындалатын жұмысты тексеруді бағалауда белсенді қатысуы.
- Орындарда өте бөлшекті аудиторлық жұмыс орындайтын қызметкерлерде қажетті тәжірибенің, олардың жұмысымен тиісті

басшылықтың, оның нәтижесіне тексеру және бақылаудың болуы, және де қызметкерлер арасында қажетті иемденудің болуы.

- Әріптестер және қызметкерлерде тиімді аудит жүргізуге жеткілікті уақыттың болуы.
- Аудит жетекшісі және басқа да тәжірибелі аудиторлық топ мүшелері мен басшылықтың, және де клиенттің мекемесінде Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы қарым қатынастың болуы.

1.4.1 Әріптестер және қызметкерлерде қажетті кәсіби қасиеттердің болуы

42. Аудиторлық топтың барлық мүшелерінен бірдей білім мен тәжірибе деңгейін күтуге болмайды, бірақ топ жалпы қажетті білім мен біліктіліктермен қамтамасыз етілгенін аудит жетекшісі қамтамасыз етуі қажет, ал нақты тапсырманы орындау үшін қажет кезде сырттан қызметкерлерді немесе мамандарды шақыру. Мысалы, келесі сұрақтар бойынша маман бағасы қажет болуы мүмкін:
- Қиын қаржылық құралдарды, жер және ғимарат, материалды емес активтер, бизнес біріктіру бойынша келісімдердің нәтижесінде алынған активтер және қабылданған міндеттерді, және құнсыздануы мүмкін активтерді бағалау.
 - Сақтандыру келісімшарттарымен немесе қызметкерлерге сыйақы төлеу жоспарымен байланысты міндеттерді есептеу.
 - Мұнай және газ қорларын бағалау.
 - Табиғат қорғау шаралары және ластауды жою шығындарын орындауда міндеттерді бағалау.
 - Келісімшарттардың, заңдардың және нормативті актілердің өзгерісі.
 - Салық заңдылықтарын сақтауда қиын немесе бір келкі емес сұрақтарды талдау.
 - Мекеменің ақпараттық жүйесі, әсіресе егер мекеме ақпараттық технологияларды қолдануға байланысты болса.
43. Мамандық бағаны аудиторлық мекеменің ішінде алуға болады не болмаса сырт жақтағыларға жүгінуге болады. Қызметкерлерді немесе мамандарды шақырған кезде аудиторлық топтың басқа мүшелерімен

секілді, олардың жұмысымен тиісті басшылық, тексеріс және оның нәтижелерін бақылауды қамтамасыз ету маңызды.

44. Кәсіби білім мен біліктіліктерді тиісті дамыту болашақ кәсіби бухгалтерді бастапқы кәсіби дайындықтан басталады.⁵ Содан кейін, аудитордың міндетін орындауға мүмкіндік беретін, мамандықты алу, кәсіби бухгалтер аудит саласында өзінің кәсіби дамуын жалғастырады және қосымша жұмыс тәжірибесін алады. Клиенттің және қоғамның күтуіне әрдайым сәйкес келу үшін, аудиторлар ылғи кәсіби біліктілікті дамытуға және өмір бойы оқуға ұмтылуы қажет.⁶

1.4.2 Әріптестер мен қызметкерлермен клиент мекемесінің қызметін түсіну

45. Мекеменің жұмыс жасайтын қызметін және саласын жақсы түсіну, тиісті аудиторлық шаралар жүргізу және алынған нәтижелерді бағалау мақсатында, аудитордың қаржылық есептемедегі ақпараттың елеулі бұрмалану қаупін бағалау мүмкіндігінде маңызды рөл атқарады. Бұл сонымен қатар, кәсіби скептицизм және аудитке қатысты тиісті тұжырым қалыптастыруға мүмкіндікті сақтау үшін қажет.
46. Тиісті нормативті актілерді мен бухгалтерлік есеп сұрақтарын түсінуді қоса алғандағы білім саласы әсіресе қаржылық сектор секілді, осындай салалардағы клиенттер үшін маңызды болуы мүмкін. Алайда аудитордың білім көлемі өте тығыз болмауы және оған аса жалпы жақтарды байқауға кедергі келтірмегені маңызды. Аудиторлық емес тапсырмалар орындау кезінде, және де әртүрлі саладағы клиенттермен жұмыс барысы кезінде аудиторлар бизнес саласында жалпы білім алуларына болады. Бұл оларға нақты мекеменің қызметінің ерекшелінен ауытқуға және бизнес жүргізу, қауіп және жүйе тексеру сұрақтары бойынша өзінің аса жалпы білімдерімен қолдануға мүмкіндік береді.

⁵ Жаңа бастаушы кәсіби бухгалтер үшін біліктілік және оқытудың нәтижесі ХБС 2, *Жаңа Бастаушы Кәсіби Даму – Техникалық Біліктілікте* көрсетіледі; ХБС 3, *Жаңа Бастаушы Кәсіби Даму – Кәсіби Білім*; және ХБС 4, *Жаңа Бастаушы Кәсіби Даму – Кәсіби Құндылықтар, Әдеп Қағидалары және Тәсілдері*; ал жоба жетекшісі үшін біліктілік және оқу нәтижесі ХБС 8, *Қаржылық Есептеменің Аудитіне Жауап Беретін Жоба Жетекшілері үшін Кәсіби Дамуда* көрсетілген.

⁶ Қазіргі таңда ХАКСБ ХБС 8 қайта қарастыру бойынша жұмыс жүргізуде. Қайта қаралған стандартта оқытудың нәтижесін анықтау және қаржылық есептеменің аудитіне жауап беретін жоба жетекшілері үшін қажетті салада үздіксіз кәсіби даму талаптарын орнатуының арқасында, аудитордың әрдайым біліктілікті көтерудің мұқтаждығы ескерілетін болады.

47. Кіші мекеменің аудиті жиі орындарда нақты мекемелермен ұзақ жылдар бойы жұмыс жасайтын тәжірибелі қызметкерлермен жүргізіледі. Мұндай қызметкерлер, әдетте, мекеме қызметін жақсы біледі, бірақ олардың нақтылығы және кәсіби скептицизмі қауіпке төнуі мүмкін.

1.4.3 Әріптестер мен қызметкерлермен негізделген кәсіби тұжырымдарды құру

48. Өзінің тәжірибесіне және адалдық, нақтылық және кәсіби скептицизм секілді осындай құндылықтарға сүйене отырып, аудиторлар дәйектермен және тапсырмалардың жағдайларымен нақтыланатын кәсіби тұжырымды құрайды.
49. Негізделген тұжырымдарды құру үшін әріптестер мен қызметкерлерден келесілер қажет болуы мүмкін:
- Мәселелерді анықтау;
 - Бизнес, қаржылық есеп және есептеме, және де ақпараттық технологиялар саласында білімдерді қолдану;
 - Сұрақтарды зерттеу және әртүрлі жағдайды талдау;
 - Тиісті дәйектер және жағдайлар кезінде ұқсастарды бағалау;
 - Қорытынды алу үшін керекті жүйе қолданды ма, және оны бекітетін тиісті жеткілікті аудиторлық дәлелдемелер бар ма, соны бағалау;
 - Қажет кезде кеңес алу; және
 - Алынған қорытындыны және оның негіздемесін құжатпен рәсімдеу.

1.4.4 Орындалған жұмыстың қауіпін, жоспарлауды, тексеру және бақылауды бағалауда аудит жетекшісінің белсенді қатысуы

50. Аудит жетекшілері тапсырма орындауға міндеттемесі болғандықтан, олардың аудит жоспарлауда, алынған дәлелдемелер бағалауда және соңғы қорытынды құруда тікелей қатысуы маңызды.
51. Бөлшекті аудиторлық жұмыстың маңызды көлемі аса тәжірибелі емес қызметкерлермен бөлінуі мүмкін кезде, аудит жетекшілерінің қол жетімділігі оларға аудит жүргізу шағына қарай уақытылы қажетті ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді.
52. Кейбіреулер барлық мекемелерден аудиторлық қорытындыда аудит жетекшісінің есімін ашып жазу қажеттігі бар деп санайды, ол кезде аудит жетекшілері жеке міндетін қатты сезінетін болады, себебі ол соңында аудит жүргізуге жауап береді. Көптеген құзыреттерде мұндай талап бар, ереже бойынша, жеке қол қою қажеттігі түрінде. Басқалар

мұндай талап аудит жетекшісінің міндеттеме сезіміне әсер етпейді деп санайды. Мұндай талаптың бар болуына байланысты өкілетті қиындықтар, аудиторлық мекеменің міндетін түсіруді елестетін және бөлек құзыреттерде аудит жетекшісінің құқықтық міндетін қатайту мүмкіндігін қоса алады.

1.4.5 Орындарда аудиторлық жұмысты өте деректі орындайтын қызметкерлерде жеткілікті тәжірибенің болуы, олардың жұмысымен тиісті басшылық, оның нәтижесін бақылау және тексеру, және де қызметкерлер арасында қажетті иемденушіліктің болуы

53. Көптеген, әсіресе, аса ірі аудиторлық мекемелердің жиі «пирамида» секілді сипатталатын иерархиалық құрылымдары бар, оның үстіне жеке тапсырмаларды орындауға құрылатын көп жұмыс топтарының құрылымы осы құрылымды сипаттайды. Бұл аса маңызды бөлшекті аудиторлық жұмыс орындарда тәжірибесіз қызметкерлермен жүргізілуі мүмкіндігін көтереді, тіпті оның көбі бухгалтерлік есеп саласында біліктілігін көтеруде оқуын жалғастыруы мүмкін. Алайда, қызметкерлермен негізделген кәсіби тұжырымдарды құру үшін әдетте тәжірибе қажет.

54. Жыл сайын аудит жүргізуге сол бір қызметкерлерді шақыру, мекеменің қызметін және жүйесін жақсы түсінуге көмектесуі мүмкін, сол себепті, басшылық және Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар бұған көбіне жақсы қарайды. Кейбіреулер бұл қаржылық есептемедегі елеулі бұрмалау қаупіне, және де тиімді аудит жүргізуге жауап ретінде тиімді шаралардың қабылдауына ықпал етуі мүмкін деп санайды. Алайда, аудит жүргізуде тым ұзақ уақыт қатысу кәсіби скептицизм жоғалуына және аудитордың тәуелсіздігінің жоғалу қаупіне әкелуі мүмкін.

55. Көптеген елдерде мемлекеттік сектордағы мекемелердің аудиторлары үшін, олардың кадрлік ресурсқа жарата алатын соммаға қатысты шекті лимит орнатылған. Және де қызметкерлерді жалдау және олармен төленетін еңбекақы төлемін реттейтін көлем сұрақтарын жанайтын нормативті актілер болуы мүмкін. Бұдан кейбір аудиторлық мекемелерде жоғарғы сапалы аудитпен қамтамасыз ету үшін қажетті, жеткілікті көлемдегі бірінші орындағы қызметкерлерді шақыру мен ұстап қалу бойынша қиындықтар туындауы мүмкін.

1.4.6 Әріптестер мен қызметкерлердің тиімді аудит жүргізуге қажетті уақыттың болуы

56. Әріптестер мен қызметкерлерде бір мекеменің аудитінен басқа, жиі басқа да міндеттері бар, оның үстіне аудит жүргізу үшін қысқа уақыт орнатылуы мүмкін. Жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер жинау және басшылық пен Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен тиісті қарым

қатынас үшін, жеткілікті ресурстар санын қамтамасыз ету үшін жоспарлау қажет.

57. Аудиторлық мекемелер әдетте коммерциялық болып табылады, оның үстіне аудиторлық мекеменің пайдалығына көрсетілген аудиторлық қызмет үшін алынған төлем мен жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдеме жинау барысында кеткен шығын арасындағы қатынас ықпал етеді. Аудиторлық мекеме шегінде аудит жетекшілері ереже бойынша олармен жүргізілетін аудиттің пайдалығына жауап береді, және егер аудиторлық қызмет үшін төлем көлемі клиент басшылығымен шектелетін болса, бұл аудиторлық топтың аудиторлық шараларды жүргізудің мінездемесін және уақытын өзгертуге немесе тестілеу көлемін сақтауға итермелеуі мүмкін. Бұл өз кезегінде аудит сапасы үшін өкілетті қауіп тудырады.⁷

1.4.7 Аудит жетекшісі және басқа да тәжірибелі аудиторлық топ мүшелері мен басшылықтың, және де клиенттің мекемесінде Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар арасындағы қарым қатынастың болуы

58. Клиент мекемесінің жоғарғы басшысы және осы мекеменің корпоративті басқаруына жауап беретін тұлғалары қажет кезде аудит жетекшісімен тілдесе алуы маңызды. Жиі қарым қатынас аудит жетекшісіне мекеменің қызметінде болып жатқан өзгерістер жайлы хабардар болуға, және де аудитке қатысты сұрақты уақытылы көтеруге мүмкіндік берді.

1.5 Білім, Біліктілік, Тәжірибе және Уақыт – Аудиторлық Мекеме Деңгейі

59. Маңызды ерекшеліктер:

- Аудит барысында туындайтын қиын сұрақтарды шешу үшін әріптестер мен қызметкерлерде жеткілікті уақыттың болуы.
- Аудиторлық топтың тиісті құрылымы.
- Аудиторлық топтың әріптестері мен үлкен мүшелерімен тәжірибесі аз қызметкерлерге қатысты уақтылы олардың жұмысын бағалау, қолғабыс ету және жұмыс кезінде оқыту жүргізіледі.
- Аудит бойынша әріптестерді және қызметкерлерді аудит сұрақтары, бухгалтерлік есеп, және егер орынды болса

⁷ Әдептік талаптарда (мысалы, БХӘСК Кодексі 240.2 тармағы) бұл қауіп жиі сипатталады және оны бағалау және қабылдауға қатысты талаптар болады, егер бұл орынды болса алдын алу шаралары.

мамандандырылған салааралық сұрақтары бойынша жеткілікті мүмкіншіліктің болуы.

1.5.1 Әріптестер және қызметкерлерде аудит барасында туындайтын қиын сұрақтарды шешу үшін жеткілікті уақыттың болуы

60. Әріптестер және үлкен қызметкерлер әдетте, жүргізу уақыты осы не басқа жағдайда сәйкес келетін бірнеше аудиторлық тапсырмалармен жұмыс жасайды. Бұл бөлек бір жұмыс барысында қызу болуы мүмкін жағдайға алып келуі мүмкін. Бұдан басқа, аудиторлық мекеменің әріптестері және қызметкерлері көбіне клиенттерге аудитке ілеспе қызметтер немес басқа да жұмысты атқарады. Аудиторлық мекемелер міндеттерді бөлу кезінде, барынша мүмкін болғанша, уақыт бірдей болып қалу кезбен байланысты барлық мүмкін шиеленістерді алдын алғаны, және онымен басқара алуы маңызды. Жеке әріптестер мен қызметкерлердің тым аса жұмысбастылық қаупін түсіру үшін, аудиторлық мекеменің басшысы жұмыс жүктемелерінің деңгейін белсенді бақылауы қажет.

1.5.2 Аудиторлық Топтың Тиісті Құрылымы

61. Кадрлық ресурстарды бөлу қауіпті ескере отырып орындалады. Аса тәжірибелі әріптестер және қызметкерлер аудиторлық мекеменің аса ірі және дәрежелі клиенттерімен жұмыс жасауға тағайындалады деген қауіп бар, нәтижесінде олар қаржылық есептемесінің елеулі бұрмалаулау қаупі аса жоғары болуы мүмкін, басқа клиент үшін аудит жүргізуге қатыспайды.

62. Ресурстарды тиісті емес бөлу аудитті қажетті тәжірибе мен уақыты бар жұмыс тобы жүргізуге ықпал етеді. Бұл дегеніміз тапсырма орындауға клиенттің саласында қажетті білімдері бар және клиенттің қолданылатын қаржылық есептемені дайындау тұжырымдамасымен таныс, әрі сапалы аудит жүргізуге қажетті уақыты бар әріптестер мен үлкен қызметкерлерді тағайындауды білдіреді.

63. Ресурстарды бөлу аудиторлық мекемемен акпаратты жинауды білдіреді:

- Білім, біліктілік және тәжірибе жөнінде;
- Болжамды жұмысбастылық уақыты; және
- Қызмет көрсету уақыты – әдеп талаптарын сақтауды қолдау мақсатында, мысалы, аудит бойынша әріптестердің өзгерісіне қатысты.

64. Кейбір елдерде кіші мекемелерде міндетті аудит жүргізу талабы жоқ. Бұл дегеніміз мұндай елдерде көп емес клиенттері бар КОШ аудит саласында қажетті білімдері мен тәжірибелері бар әріптестер мен қызметкерлерді сақтау қиын дегенді білдіреді.

1.5.3 Әріптестер мен аудиторлық топтың үлкен мүшелерімен аз тәжірибелі қызметкерлерге қатысты олардың жұмысын уақытылы бағалау, жол көрсетуші және жұмыс барысында оқыту жүргізіледі

65. Аудиторлық мекемемен қолданылатын бағалау жүйесі жеке қасиеттерді дамытудың маңызды бөлігі. Алайда аудит сапасын өлшеу қиын, ол жақсаруы мүмкін, егер оған әріптес, және қатардағы қызметкер секілді де жұмысын бағалау кезінде ерекше көңіл бөлінсе. Бұл қолданылатын негізделген аудиторлық тұжырымдарды мадақтау, онымен қоса қиын сұрақтар бойынша басқа қызметкерлермен кеңес алу үшін қолданылуы мүмкін.
66. Жұмыс барысында қызметкерлер мен мекемеге қолғабыс болу мен оқытуда жұмыстың нәтижесін кезегімен бағалауды жүргізу тоқтату пайдалы. Сол кезде бағалау жақсаруға мұқтаж маңызды біліктілікті немесе кәсіби қасиетті анықтауға көмектесетін шараның қасиеті ретінде қолдануы мүмкін, жұмыс барысында қолғабыс болу және оқыту қызметкерге осы біліктілікті және қасиетті дамыту үшін қолданылуы мүмкін. Жұмыс барысында қолғабыс болу және оқыту, мысалға адалдық, нақтылық, ұқыптылық, кәсіби скептицизм және бірбеткейлік секілді негізгі жекетұлғалық мінездемені дамыту көз қарасы жағынан, және де аз тәжірибелі қызметкерлерге оларға таныс емес аудит саласындағы жұмыста көмек көрсету көз қарасы жағынан да аса пайдалы болып табылуы мүмкін.
67. Тиімді қолғабыс үшін қосымша біліктіліктер, білім жіне тәжірибе қажет, сол себепті аудиторлық мекемелерде қажетті қасиеттермен иемденетін мамандардың саны шектеулі. Бұл тұлғалардың басқа да міндеттері болуы мүмкін. Аудиторлық мекемелер аса тәжірибелі қызметкерлердің қызметкерлер дамуы бойынша осы маңызды рөлді тиімді орындауда қажетті уақыт бөлуге итермелейтін, және де арнайы бағалау жүйесі шегінде қойылған мақсатқа қол жеткізуді бағалауда ықпал етуші шараларды қолдануы маңызды.

1.5.4 Аудит бойынша әріптестерді және аудит, бухгалтерлік есеп және егер орынды болса мамандандырылған салааралық сұрақтар бойынша қызметкерлерді оқыту үшін қажетті мүмкіншіліктің болуы

68. Мамандандырылған оқу орындары аудиторларға бірінші кәсіби даму (БҚД) барысында қажетті білімдерді, оған қоса техникалық және кәсіби біліктілікті, құндылықтарды, әдеп қағидаларын және тәсілдерді, және де практикалық тәжірибені беруге ұмтылады, ал ары қарай аудиторлар үздіксіз кәсіби дамуға (ҰКБ) қатысты талаптарды сақтауы тиіс.
69. Аудиторлық мекемелер аудиттің техникалық жақтарын оқытуды, және де оны жүргізудің өздерінің әдістемелерінің талаптарын қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, аудиторлық мекемелер аудиторлармен, оған қоса

аудиторлық жұмысты орындайтын жұмыс тобының тағылымгері қажетті тәжірибелі мақшыты алуды қамтамасыз етеді.⁸ Тәжірибелі мақшыты алу арқылы аудиттің техникалық жақтарын оқытуға қосу өте маңызды, себебі ресми оқыту барысында аудиторлар біліктілік және тәжірибе алатын жүйенің тек бір бөлігі.

70. ХБФ мүшелері болатын кәсіби бухгалтерлік мекемелер үздіксіз ҰКБ қатысты талаптарды орнатады, ал аудиторлық мекемелермен қолданылатын даму бағдарламалары, аудит саласында қызметкерлердің кәсіби дұрыстығын қамтамасыз ету үшін жасалады. Мұндай бағдарламалар жалпы аудиторлық мекемелердің қызметіне, оған қоса жобалармен, ақпараттық технологиялармен және коммуникативті біліктіліктерді басқаруға қатысты болатын толық бір бөлімдерді алады. Аудиторлық мекемелер аудиторларда аудит сапасын қамтамасыз етуде техникалық біліктілікті дамыту үшін, аудит және бухгалтерлік есеп, оған қоса егер орынды болса мамандандырылған салааралық сұрақтар бойынша оқытуға қажетті уақыт пен ресурстар бөлудің маңыздылығын түсінеді.

1.6 Білім, Біліктілік, Тәжірибе және Уақыт – Ұлттық Деңгей

71. Маңызды ерекшеліктер:

- Аудиторлық мекемелер және жеке аудиторларды лицензиялаудың тиімді механизмі болуы.
- Оқуға талаптарды анық құру және тиімді оқуға қажетті ресурстарды ұсыну.
- Маңызды сұрақтар бойынша аудиторларды хабардар ету және оларға бухгалтерлік есеп, аудит және басқа да жаңа нормативті талаптар бойынша тренингтер жүргізу мүмкіндігінің болуы.
- Керекті қасиеттері бар мамандарды шақыру және ұстап қалу мақсатымен аудиторлық мамандықтың дәрежесін жақсарту.

1.6.1 Аудиторлық мекемелер және жеке аудиторларды лицензия жүргізудің тиімді механизмінің болуы

72. Аудит бұл – тиісті біліктілігі бар тұлғалардың қажетті деңгейде орындалатын қоғамның қызығуындағы қызмет. Ереже бойынша бұл мінездемелер сақталуы үшін аудиторлық мекемелерге және жеке аудиторларға аудит жүргізуге лицензия берудің ұлттық механизмі

⁸ ХБС 8, 54 және 59 тармақтар, кәсіби аудиторлардың тәжірибелік сынауға қатысты талаптарды орнатады.

жасалады. Өкілетті орган жиі құпталған аудиторлық мекемелер және жеке аудиторлардың тізілімін жүргізеді. Ереже бойынша белгілі бір жағдайларда биліктегілер лицензияны алып қоюға құқы бар.

1.6.2 Оқуға талаптарды анық құру және тиімді оқу үшін қажетті ресурстарды ұсыну

73. Лицензия алу үшін орындалуы қажет талаптардың тізіміне, әдетте оқуға талап БКБ және ҮКБ ретінде де кіреді. Тиімді оқытуды қамтамасыз ететін нақты оқуға деген талап пен қажетті ресурстарды ұсыну аудит сапасын көтеруге ықпал етеді.
74. Аудит сапасын қамтамасыз ететін кәсіби қасиеттердің негізінде ХБС сипатталған кәсіби біліктіліктер жатыр. Бұл кәсіби қасиеттер аудиторлық мекеменің басқа қызметкерлері жағынан тәжірибелі дағдыны және қолғабыспен ие денумен бірге, теориялық оқу негізінде дамиды. ХБС ХБФ мүшелері (теориялық оқытуды жүргізу міндеті болатын) үшін жасалған, бірақ тікелей аудиторлық мекемелерге (тәжірибелі дағды мен қолғабыс алуды қамтамасыз ететін) жайылмайды. Егер оқу орындары да, аудиторлық мекемелер де бірдей кәсіби қасиеттерді дамыту тұжырымдамасын қолданатын болса, бұл аудит сапасының көтерілуіне ықпал етеді.

1.6.3 Маңызды сұрақтар бойынша аудиторларды хабардар ету және оларға бухгалтерлік есеп, аудит және басқа да жаңа нормативті талаптар бойынша тренингтер жүргізу мүмкіндігінің болуы

75. Аудитордың БКБ бағыталған оқудан басқа, аудит сапасын көтеруде маңызды дәйек болып ҮКБ қамтамасыз ету үшін елдегі тиісті жұмыс жасайтын механизм болып табылады. ҮКБ аудит саласында аса тәжірибелі аудиторлар өздерінің білімдері мен біліктіліктерін дамытуын жалғастыруы үшін және бухгалтерлік есеп және нормативті-құқықтық реттеу саласындағы өзгерістер жөнінде хабардар болуы үшін қажет.
76. ҮКБ әсіресе қаржылық есептеме мен аудитке қатысты талаптарға елеулі өзгерістер енгізген жағдайда өзекті. Бұл аудиторларды жаңа техникалық талаптар жөнінде хабардар етуге, мұндай өзгерістердің мақсатын түсіндіруге және оларға жаңа талаптарды шығын көз қарасы жағынан өздерінің жұмыстарында қалай тиімді ескеруді түсінуге көмектесуге мүмкіндік береді.

1.6.4 Керекті қасиеттері бар мамандарды шақыру және ұстап қалу мақсатымен аудиторлық мамандықтың дәрежесін жақсарту

77. Аудит бойынша әріптестердің және қызметкерлердің кәсіби қасиеттері аудит сапасын қамтамасыз ететін маңызды дәйек. Оқытудың үлкен маңыздылығына қарамастан, кейбір қасиеттер бір жағынан тумалы

болып табылады. Сол себепті, жұмысқа аудиторлармен керекті қасиетпен иемденетін тұлғаларды шақырған маңызды.

78. Аудитор мамандығын таңдауға, мүмкін бірнеше факторлар әсер етуі мүмкін:
- Белгілі бір елде аудитордың дәрежесі мамандық секілді;
 - Мансап өсіру және марапаттау мүмкіндігі бойынша ұсыну;
 - Жұмыс мінезі, және қоғам қызығуына қатысты оның рөлі; және
 - Ұсынылатын оқудың сапасы.
79. Сол бір дәектер аудиторларға ары қарайғы жұмыс жөнінде шешім қабылдауға және аудит саласында байсалды мансап жасауға әсер етуі мүмкін. Кейбір елдерде бухгалтерлердің аудиторлық мекемелерден өте көп кету үрдісі байқалуда, әсіресе өндірістік мекемелерге. Бұл үрдістің қаржылық есептемеге оң ықпалына қарамастан, ол аудиторлық мекемелер үшін қол жетімді тәжірибелі мамандарды қысқартуы мүмкін,және сол арқылы аудит сапасын қауіпке қояды.
80. Осы не басқа елде аудитор мамандығының дәрежесі аудиторға деген қарым қатынасқа әсер етуі мүмкін, және тиісінше орындалатын аудит функцияларының тиімділігіне әсер етеді. Аудитор мамандығы мансапты емес немесе аудиторлар тиісті құзыретпен бөлінбеген елдерде, аудиторлар басшылыққа қатысты әлсіз орынды алатын болады. Мұндай жағдайларда аудиторлар маңызды кездер немесе аудит барысында анықталған маңызды сұрақтар бойынша өздерінің көз қарасын ұстануға қатысты басшылыққа аз сұрақ қою мүмкіндігі болады. Алайда, бұл мамандық құрметті немесе аудиторлар тиісті механизмдердің арқасында тиісті құзыретпен бөлінген елдерде, аудиторларға кәсіби скептицизм сақтауға және аудитті тиімді жүргізуге оңай болатын болады.

Үдеріс Факторлары

1.7 Аудит жүйесі және Сапа Тексеру Шаралары – Тапсырма Деңгейі

81. Маңызды ерекшеліктер:

- Аудиторлық топпен заңға және нормативті актілерге сәйкес келетін аудит стандарттарын, және де аудиторлық мекеменің сапа тексеру шаралын сақтау.
- Аудиторлық топпен ақпараттық технологияларды тиісті қолдану
- Аудитке қатысатын басқа да тұлғалармен тиімді қарым қатынас.
- Аудитті тиімді және нәтижелі жүргізуге ықпал ететін, клиент мекемесінің басшылығымен қажетті келісудің болуы.

1.7.1 Аудиторлық топпен заңға және нормативті актілерге сәйкес келетін аудит стандарттарын, және де аудиторлық мекеменің сапа тексеру шаралын сақтау

82. Аудит стандарттары аудит сапасын қамтамасыз етуде және аудитке қолданушылардың сенімін орнатуда негізін қалаушы рөл ойнайды. ХАС аудиторға саналы сенімділік алуға көмектесу үшін жасалған, және аудитор кәсіби тұжырым қолданғанын және жоспарлау барысында және аудит жүргізу кезінде кәсіби скептицизм сақтауды талап етеді, және де бұдан басқа, келесілерді талап етеді:
- Үйіспессіз әрекет секілді елеулі бұрмалау салдарынан қауіпті анықтау және бағалау, солай мекемені және оның айналасын, мекеменің ішкі тексеру жүйесін қоса алғандағы зерттеу нәтижесіндегі қателер;
 - Көрсетілген қауіпке жауап ретінде тиісті шаралар жасау және қолдану арқылы елеулі бұрмалаудың болуына қажетті жеткілікті аудиторлық дәлелдемелер алу; және
 - Аудиторлық дәлелдемелер негізінде жасалған қорытындылар қаржылық есептемеге қатысты пікір қалыптастыру.
83. ХАС тәжірибелі аудитор бұрын бұл тапсырмаға қатысы болмаған орындалған шаралардың мінезін, уақытын және көлемін, туындаған маңызды сұрақтар және алынған қорытынды жөнінде түсінуге жеткілікті болатын құжаттарды дайындауды талап етеді. Бұл құжаттар аудиторлық топтың мүшелерімен аудит аяқталғанына дейінгі және орындалған жұмыстың сапасын тексеретін басқа да тұлғалардың сапа тексеру мақсатымен әрекеттерді растайды.
